


Мәуһып



С/Қаз/Қ
С 88

Мәшһүр

(Толғау)



ЗЕКЕБАЙ

СОЛТАНБАЙҰЛЫ

ПАВЛОДАР, 2001

ББК 84
С-68

Мәшһүр

3. Солтанбайұлы.

С-68 Мәшһүр. - Павлодар: ҒӨФ “ЭКО”, 2001, - 178 бет.

ISBN 9965-568-25-1

Мәшһүр-Жүсіп бабамыз халқын жақсылыққа үндеген, ерекше қасиеті бар, талай тағылымды өсиеті бар тарихи тұлғалардың қатарында.

Ал Мәшекең туралы жазу, оның өмірін зерделеу, шығармаларын зерттеу енді ғана қолға алына бастады. Ол туралы көркем шығарма жазу оңай шаруа емес. Осы бір қиын істі қолға алып, Мәшекеңнің өмірін толғауға талпынған Зекебай Солтанбайұлының “Мәшһүр” дастаны көпшілік көңілінен шығады деген сенімдеміз. Оған, әрине, шығарманы оқи отырып көз жеткізуге болар.

Мәшһүр бабамызды білмейтін адам кемде-кем. Қалың оқырман бұл шығармадан да асыл адам туралы тың деректер табары сөзсіз.


С 4803250202
00 (05) - 01

ISBN 9965-568-25-1

ББК 84

© - Солтанбайұлы З., 2001.

98577/64



10

СЫЙЫНУ



*“Мен келдім музейіне жолым түсіп
Егілдім рухыңды сүйіп-құшып.
Өмірдің жолдарында жар бола көр,
Қазақтың пайғамбары Мәшһүр-Жүсіп”.*

Ғафу Қайырбеков

СЫЙЫНУ

Биссмилләһи иррахмәни иррахим,
Алдыма қойып тұрмын сұрақ қиын.
Өзіңе жалбарынам фәруар-диғар¹
Көңілімнің келтіре көр құлақ күйін?

Айналдым аруағыңнан, Мәшһүр ата,
Талай жыл тағдырыңа болдым қапа.
Сақтаулы бой тұмардай жүректе жүр,
Өзіңіз өміріме берген бата.

Кеш қалдым, кешір ата, күйкі ғұмыр,
Қол байлап, босатпады жұмыс шұғыл.
Жауапты-жас ұрпақтың тәрбиесі,
Құғам жоқ дүние іздеп, биік тұғыр.

Дұғағәй, ғұлама ой, жарықтығым,
Сөз еттің не нәрсенің анықтығын.
Лепесің қабыл болып халқың үшін,
Кеуденің төгіп өттің жарық нұрын.

Нәсерге сөнбейтұғын қызыл жалын,
Өтер ме, бұл жалғанда Сіздей ғалым.
Ықылас ниетіңнен нәр алып ем,
Көрейін өтеп егер келсе халым.

¹ Қүдіретті күш иесі.

АРНАУ ✓

Ассалаумағалейкүм, ағайын, жұрт,
Әуелден қыдыр дарып, орнаған құт!
Жерінді қасиетті Мәшһүр қалап,
Елінді құрмет тұтып, қолдаған құп.

Ағызған ақыл-ойдың ақ бұлағын,
Халықтың хабардар қып сақ құлағын.
“Еділ”, “Сыр”, “Есіл”, “Жайық”- сан өтсе де,
Таппаған “Ескелдідей” нақ тұрағын.

Жолында әділеттің ту ұстаған,
Жалғанда пәле-жала қуыспаған.
Қалдырып асыл сөздің қазынасын,
Көз жұмып ортаңа кеп тыныстаған.

Адамдық, адалдықты айтқан сайын,
Көңілдің жарқыраттың күн мен айын.
Көтеріп аруағыңмен елдің даңқын,
Ұрпаққа мирас болды мұражайың.

Ел күткен қайыры боп жұбаныштың,
Дәл бүгін сіздер үшін қуаныш күн.
Елдіктің егеменді жемісі-бұл,
Уа, халқым, құтты болсын қуанышың!

БАСТАУ

*“Ақмолла, Ұзақ ақын, Мәшһүр -Жүсіп
Заманға жатушы еді үлгі пішін,
Солардың ағып жатқан теңізінен
Біз пақыр сөйлеп жүрміз қанып ішін.”*

Нартай Бекежанов

Даңғайыр дархан дарын, дара тұлға,
Кернеткен көкірегін дана нұрға.
Секілді аят¹, хадис² әрбір сөзі,
Құйылған құлағына саналы ұлға.

Төмамдап Бұхар-шәріп медресесін,
Ғылымның лапылдатқан темір пешін,
Меңгеріп араб, парсы, шағатай тіл,
Жинаған тарлан тарих шежіресін.

Ғұлама желдей ескен сөз зергері,
Құдайдың хақ жолынан өзгермеді.
Жүзінде ақ қағаздың айқындалған,
Өмірде ойға түйіп, көз көргені.

...Әр сөзің- дүр гауһар тас өнердегі,
Әр ісің- үлгі, өнеге көнермеді.
Әулие, алты алашқа баба Мәшһүр-
Қазақтың қайталанбас кемеңгері.

Ашуға мұражайын сәті түсіп,
Оңалды салт - санамыз дәстүр пісіп.
Әссәләту уәссәләм³, шарапатты-
Бас идім рухыңа, Мәшһүр Жүсіп.

¹ Құран көрімнің бір сөйлемі

² Мұхаммед пайғамбардың насихаты

³ Алланың ризалық сәлемін тілеу.

ЗАМАНА

Қазбауыр қара бұлттар аспандайды,
Қатерден қандай адам жасқанбайды.
Замана қуырылып келе жатыр,
Көрсетіп Көпекеңе жастан қайғы.

Ой қалың көкіректе алай-түлей,
Түн қатты жол бойына талай түней.
Келетін қала шығып, кіре тартып,
Жалданып байларына Алтай, Семей.

Барады жылдан жылға күйіп нарық,
Көрмеген тең құрбыдан кейін қалып,
Өмірге ертелі-кеш ой жүгіртіп,
Байқайды парасаттап күйін халық.

Талғайды замананың сырын барлап,
Ойда орыс орын алған қырын шарлап,
Кетерін қолдан билік, бастан ерік,
Кім тыңдар айтса-дағы шынын зарлап.

Құлазып Қызылтаудың айналасы,
Барады жат бауыр боп сай-саласы.
Жалбақтап урядник, приставқа,
Баж¹ беріп күн кешуде бай баласы.

Қағазға қара шекпен елді қаттап,
Көшіп кеп, қона берді жерді мақтап.
Лап қойды ең шұрайлы отарларға,
Кенін ап“Талды”, “Мәуке”, “Жезді”, “Шақпақ”.

¹. Төленетін салықтың түрі.

Асынған өн бойлары сап-сарыала,
Басынған амалы асып жасқана ма?
“Әнеки, орыс келе жатыр” десе,
Жасқанған үлкен түгіл жас бала да.

Момақан мұсылманның біліп дінін,
Аз күнде баурап алды біліп тілін.
Арқаға “тамырым” деп қағып қойды,
Қазақтың ішіндегі біліктінің.

Алынып аяулы жер ата-қоныс,
Қым-қуыт үркіншілік болды мол іс.
Әділдік “көк көзде”- деп, үйренгендер
Дейтұғын “Біздің тамыр-оңды орыс”.

Губерна, округ пен шықты дуан,
Тартысып бірін-бірі жықты жуан,
Қолтықтап шен-шекпенді қақ жарылды,
Қазақтар әпербақан “пысық туған”.

Пәтуә¹ кетті ауыздан дуалы сөз,
Сенбейтін уақыт туды көрмесе көз.
Жалтақтап сорлы қазақ өкпелейді,
Бақалшы² екі метр бермесе бөз.

Болған жоқ “сең бұзылып, жарыл”- деген,
“Салтыңнан ата-дәстүр арыл,”- деген.
Қуалап қан тамырды кете барды,
Әрекет қан қақсатқан, зар илеген.

¹ Шешім, тоқтам, бітім, келісім.

² Ұсақ сауда жасаушы

Өткізіп көз алдынан Көпей бәрін,
Сезеді жат жұрттардың қоқайларан.
Дертіне дауа таппай талай кезді,
“Кереку”, “Омбы”, “Түмен”, “Семей”- шәрін.

Дөндекең¹ ауылынан кетті маза,
Алауыз ет немере, бөле, бажа.
Көбейіп ұры-қары, айтыс - тартыс,
Талайға оқыс апат жетті қаза.

Жарытпас мал өсіртіп мына заман,
Адамын шауып кетед ұнамаған,
Жан қармап оқу іздеп кетіп жатыр,
Байлардың балалары бұлалаған.

Түйіліп осы бір ой көкейіне,
Деп “құдай бер жақсылық Көпейіне”
Қылды да құран хатым әруақтарға
Бекінді біржолата “көшейінге”.

-Дуанға² жақынырақ отырайын,
Көп көзі. Қолдан кетпес қотыр тайың,
Балалар құдай қойса ержеткендей,
Қор қылмай, тең - құрбыдан оқытайын.

Шешімін бір-ақ айтты жұбайына,
Жоқ мінез ұнамай ма, ұнайым ба?
Аталас ағайыны бата берді,
Деп: “Құдай, оңға баста ылайымда!”

¹ Дөндібай Мөшһүрдің аталас ағалары

² Аудандық басқару орталығы

Замана күннен күнге қуырылып,
Барады көмейден тіл суырылып.
Орыс-бір, қазақ- екі қағып салды,
Тілініп туысқаннан туырылық.

Баянның етегінде қалың жатақ,
Бөрінен қашты-қуды малың шатақ.
Купестің үйін салып, шөбін шауып,
Шығарды пысықайлар - "малай" атақ.

Атанды содан бастап "Малайка" тек,
Көпекең ақылдасқан талайға кеп.
Төменгі шілік жақтан қора салды,
У-шудан сәл шеткері болайын деп.

Не жетер, мен атайын, мықты сойқан,
Өмірін бір келгенде ұқты Шоқан.
Жағасын жау баспаған арыз қуғыш,
Кейінгі "Көгенбайлар" шықты содан.

Төгілген ит басына қайда іркіт,
Жүгіртіп құмай тазы, салған бүркіт?
Серілік ән асқақтап, күй шалқыған
Арқардай Сарыарқадан кетті үркіп.

Толғанып Шоң, Торайғыр батты мұңға,
Ақылы елге қонбай ақты құмға.
Айласы Ақ патшаның кетті асып,
Алып кеп сиқыр отын жақты мұнда.

Құт кетпей жеті атаға қонған Шорман,
Кезінде алты Алашқа болған қорған.
Жүрегін жібермейді бір күптілік,
Сезініп алдындағы құрған тордан.

Хан Кене, қапыда өткен Науырызбай,
Халқының қуғын көрді жауызындай.
Қазақтың сар даласын сарсаң қылған,
Бұл неткен заман болды бауырым-ай?!

Көпейдің өтті ойынан тізбектеліп,
Айтар сөзі көмейде тұр кептеліп -
- Жүсіпті оқытса деп Қамариден -
Жолықты Хазіретке¹ іздеп келіп.

- Көпеке, балаң бесте - жастау екен
Көңіліңе “қашып тұр” деп алма секем...
“Тіл-аузым тасқа”, - деді бір жылдан соң, -
Ғұмыры ұзақ болсын, алмас екен!”

Пайғамбар атын қойған “Жүсіп” десіп,
Қыз ойнақ, ән шырқаған үйде көшіп.
Сол түні қорасына түсіп ұры,
Ат шапан айып берген билер шешіп.

“Жосалы”, “Қызылтаудың” айналасы-
Зардапты замананың тайталасы,
Өткеннің шежіресі - мол тарихын,
Қазақтың біліп жатыр қай баласы.

¹ Діни басшыға берілетін дәреже атақ.

- Бердалин Сәбит, айтшы білесің ғой,
Сен білмей кім біледі, күлесің ғой?
Әруағы Мәшһүр ата желеп-жебер,
Жыр туса жас ұрпақтан ілесіп ой.

- Тыңдай бер, мен айтайын көлемді етіп
Мән-жәйін келтіре бер өлеңдетіп.
Қысы-жаз, жазы-жанат, жер-шежіре,
Жаза алсаң... қуат беріп, өрең жетіп.



Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мұражайы

СӘЛЕМ СӨЗ



СӘЛЕМ СӨЗ

- Жүрмісің сау-сәләмат, Зекебайым?
Аман ба ел мен жұртың, қора-жайың?
Бәйбішең, бала-шағаң жақсы жүр ме?
Менің де жаман емес хал-жағдайым.

Жіберген хатқа жазып сұрақтарың,
Оңай ма жаза салу оның бәрін.
Еңбегін Мәшекеңнің сұрасаңыз,
Он-он бес кітап болар, шырақтарым.

Мәшекең дін жөнінде көп оқыған,
Шарттарын шарифаттың бек тоқыған.
Ұрлық пен өтіріктен елді сақтап,
Айтпаған құнсыз сөзді тек қоқыған.

Алла мен пайғамбарды тілдестіріп,
Жазған ғой “Мағражды”¹ үйлестіріп,
Хисса қып үш жүз елу ауыз өлең,
Аяттың құрандағы бәрін біліп.

Бұл сөзді ұлы Абай білмеді ме,
Білсе де дінге көңіл бөлмеді ме?
Қазақтың кемшілігін бетке басып,
Талайын шаншу сөзбен ілмеді ме.

Абайдай Мұхтары жоқ Мәшекеңнің,
Дәріптеп жазғандарын паш ететін,
Кешегі тар заманда дінді ескерер,
Кім білді әулиенің бар екенін.

¹ Мөшһүрдің Алла мен Мұхаммед пайғамбар туралы шығармасы.

Мәшекең жүрген жері болды жиын,
Жауабын сұрақтардың берді қиын,
Жарықтық тыңдаушысын риза етіп,
Шешіліп жатушы еді үлкен түйін.

Бәріне ғылым- білім аударған ой,
Қажымас Мәшһүр-Жүсіп қара нар ғой,
Арқада аты әйгілі Абайменен,
Мәшекең байқасқан ғой біліммен бой.

Жинағы - ел аузында, қаламында,
Жүсіпбек шығармақшы аمانында.
Кездесіп қанды жаза шықпай қалды,
Кешегі дінсіздердің заманында.

Екінші халқымыздың Абайы-ол.
Байқасаң үлкен дарын, ақылы мол.
Керемет ойшыл- ақын, ғалым-дана,
Мен білсем, ұлы тұлға- айтарым сол.

Ол кездің адамдары сөзге тоқтар,
Құдайдан, шариғаттан пенде қорқар,
Мәшекең дұрыстықты насихаттап,
Тыйылған ел ішінде бұзық-сотқар.

Жазғаны: хақ періште, мысал жандар,
Пайғамбар шариғаты, хадис заңдар.
Ұғар деп бар қазаққа салған ұран,
Тәртіпті болу үшін мұсылмандар.

Білімін Мәшекеңнің осыдан біл,
Ойы-озық, тілі-жатық, бір терең сыр.
Құдай мен пайғамбарды сөйлестірген,
Кезеңін кейінгі ұрпақ құлағыңа іл!

Дұғасы, дуалы аузы керемет-ті,
Ол кезде дін ғылымын керек етті.
Пенденің дүниеге жақындығын,
Білсе де, жалған сөзін елемепті.

...Исахан, Күзек, Бүйек, Лекер қажы,
Қоқымбай, Қойлыбайдың өтер назы.
Қатрен, Қали, Әли көк үйірім-
Бір шеті “Торсықбай” тұз жетер сазы.

Алдымыз Қалмаққырған, Сырым белі-
Тілеке, Тілес, Өтек - өңкей сері,
Ақбура-Күлік, Тұлпар, білгің келсе,
Қызылтау- Мәшекеңнің туған жері.

Қаламым тым басасау алып қашад.
Ғафу ет, жазсам егер аз мағлұмат.
Зекебай, сен сұрадың білгенімді,
Мен айттым ойда жоқта, көп рахмет!

- Дұрыс-ақ, айттың Сәбе, білгенінді,
Құлаққа жастайыңнан ілгенінді,
Жоғалып кете жаздап қалдық аман,
Күндерде сақ болайық ілгерінді.

ҚОЗҒАЛЫС



ҚОЗҒАЛЫС

Тасқындап таудан төмен таза бұлақ,
Құяды “Сабындыға” кетпей ұзап,
Тас жылға, қарағайлы бұйра тоғай,
Жылытар жүрегінді жүрген мұздап.

Қақ жарып ағып жатыр жас қаланы,
Келуге кедей-кепшек жасқанады.
Ашқызып Мұса мырза медресе,
Мешіттің салу ісін басқарады.

Ұлғайып ел ішінде имандылық,
Алланың нақ бірлігін иланды ұғып,
Мүмүйін мұсылмандық тілі сынды,
Шәкірттер дәріс алған миға құйып.

Хазірет-Қамариден салды күшін.
Алланың ақ жолына халқы үшін.
“Ләя илаһә илла һүүә-л-һайиу-л кайуум”¹
Екенін талифтерім нақты түсін.

“Әліп би”, “Әптиекті” оқып жатқа,
Шәкірттер түсіретін болды хатқа.
Келтіріп тәжуиттік қирағатын,
“Құл әғузу бирраббин нәс”-деді хаққа.

Ішінде көп шәкірттің бала Жүсіп,
Көзіне Хазіреттің дара түсіп,
Шығарып өз ойынан шарифатты,
Айтатын болды өлеңмен ғана пішіп.

¹ Алладан басқа тәңір жоқ. Ол тірі, мәңгі толық менгеріп тұрушы.

Хиссаны “Зарқын”, “Сал-сал”, “Хикметті”,
“Алпамыс”, “Қобыланды”, “Қыз Жібекті”,
Айтса егер ұзақ таңға жаңылмайды,
Риза ғып таңырқатып жиын көпті.

Осылай өтіп жатты уақыт жылжып,
Биғайын өтірік жоқ, нақты шындық.
Көпекен ат бауырына алып әкеп еді,
“Оқымай не болды,- деп,- жаман ынжық!”

Жүрегін ғылым билеп, езгендік пе,
Қуатын перзентінің сезгендік пе.
Өмірдің алға тартқан көшін танып,
Ел ішін көп аралап кезгендік пе?

Жүсіпке жолатпады еркелікті,
Ескермей оқуына ертелікті.
Отырса үйдің іші сәл тыныстап,
Оқитын хисса, дастан, ертек, тіпті...

Анасы көп біледі жыр, термені,
Ән айтса таң қалдырған дүйім елді.
Қалғанда ертелі-кеш оңашада
Әндетіп тартатұғын диірменді.

Шебері ою ойса оймақтының,
Шырмауыт зерлі кесте қоймайд мінін,
Жеткізер мауыты шапан, жанат ішік,
Құлынды бір биеге пұлдап құнын.

Жүрсе де ел ішінде үлгі шашып,
Жимаған сол өнермен ырзық-нәсіп.
Талай іс жұтындырып жасағанмен
Кетіпті ертеден-ақ етпей кәсіп.

Ол кезде Мұса мырза- дуан басы,
Баянның құрметтеген кәрі-жасы,
Үйіне Хазіреттің шақырылған,
Қонақ ед бүгін Зейнеп қарындасы.

Тоқтады көк пәуеске тура келіп,
Қос күрең делбешіге бермей ерік.
Сыралғы ыспар екен босатпады,
Тоқтатты күшпен басып, аузын керіп.

Жарылғап, Мұса-қожа қасына ерген,
Келген соң қарындасы қашық жерден.
Көңліне Жарылғаптың ән оралды,
Жеткенде Зейнеп жеккен “Екі жирен”.

Қуантып меймандарды, Хазіретті,
Ас-суын даяшылар әзір етті,
Шариғат хадистерден қозғалып сөз,
Көңілді бұл мәжіліс мәзір етті.

Бұл үймен Көпекендер көптен үйір,
Нан болса бөліп жейді жарты түйір.
Бір сөзде Мұса мырза сауал қойды,
“Бар ма,- деп шәкіртіңіз ғылымға үйір?”

Әлхамду¹ шүкір, Алла!-деді имам,-
Шығатын дүние ғой дені мидан,
Ұлы бар мына отырған Көпекеннің-
Жан болар кеудесіне ғылым жиған.

Шақырып алдырындар көрсін мырза,
Өзі де көптен әуес ғылым, жырға.
Адамның ел басқарған ойы зерек,
Көңілі толса егер, болсын ырза.

Басында қоңыр пүліш тақиясы
Қасында жолдас бала-Жақиясы,
Жерінен ойнап жүрген алып келді,
Жүсіптің болмайтұғын қапиясы.

Аңқылдап салып жетіп келді кіріп,
Тұрғандай алдындағы елді біліп,
Бұлтиған ақсарылау, дөңгелек жүз,
Баланың тұрды жайнап көзі күліп.

Именіп тартынған жоқ, берді сәлем,
Тып-тыныш, “ду” етті де, болды өлем.
Тым қатты әкесінен қорқушы еді,
“Бұл тағы,-деп ойлады қандай пәлен?”

Хазірет қоңыраулы дауыспенен,
-“Бір хисса айтып берсең, дұрыс дер ем.
Тындасын, мына жұрттың батасын ал,
Айт,- деді, -асықпай кең тыныспенен”.

¹.Мақтауға лайық.

Бастады “Шахнамадан” Фирдаусиден,
Жерлерін жаттап алған көңілі сүйген,
Елтітіп тыңдаушысын алып кетті,
Естілмей бөгде бір сөз, дауыс үйден.

Дем алып қайта басты “Хикіметке”¹,
Баланың таныс болды кейпі көпке.
“Орамал тон болмайды жол болад”, - деп,
Әлеумет риза болды сый - құрметке.

“Жол тауып, өз жанынан сөз құрайды-
Дегенде- көңілге де көзге ұнайды”,
Мырзаның бір сауалын қалды тыңдап,
Зер салған бала Жүсіп өзі жайлы.

- Пендені не жетектер жамандыққа,
Бақсаң да халалдыққа, адамдыққа,
Қасқырдай бірін-бірі жұлып жейді,
Күш бар ма бастайтұғын адалдыққа?

“Иман - қой, нәпсі- бөрі, ақыл-қойшы.
Нәпсіден тиылады ердің ері.
Қолында сол қойшының болса таяқ,
Жоламас қасқыр түгіл жын мен пері”.

Деп бала жалт-жұлт қарап қалды тоқтап,
Жатқандай қарсы алдында қарлы соқпақ.
“Уай, пәлі, жөн-ау!” - деді кейбіреулер
Отырған, - соға ма деп қою шатпақ.

¹ Ахмед Яссауи шығармасы

-Бар екен бала Жүсіп сөзге хайлаң,
Жоқ болып отырғанда бізде қайран.
Тағы да бір сауалым, жауап берші,
Жігітке жолығады пәле қайдан?

- Ағажан, баласынбай қойдың сұрақ,
Молдамыз айтқанындай болды сынақ.
Көрейін жауап беріп сөнбейтұғын,
Көңіліме жақса құдай ойлы шырақ.

Айрылдым ғылым іздеп ақылымнан,
Сөзімнің қатесі көп мақұлынан,
Жабысар ер жігітке он пәле бар,
Тоғызы қатыны мен жақынынан.

Дегенде ду күлісті үйдің іші,
Мәз болып, мейірі қанып үлкен-кіші,
“Көп жаса, аналайын, қарағымдап”,
Бата берді сөз мәнін білген кісі.

Бірі айтып, бірі құптап әрлі-берлі.
“Жауабын жас та болса әлді берді”, -
Деп жатты, сақтандырып тіл мен сұқтан, -
Көңілдер шарлап кетіп талай жерді.

Бетінен сүйіп жатыр кезек-кезек,
Әркімнің қуанышы өртеп өзек.
Қысылып қорқыныш пен қызғаныштан,
Етеді ғазиз ана безек-безек.

- Үміткер білім қуған талай жас жүр,
Жалғассын жастар сыны-жақсы дәстүр.
Хазірет батаңды бер?!- деді Мұса,-
Жүсіптің лахаб аты болсын - *Мәшһүр!*

Бәрі де “Әумин!” деп қолын жайды,
Ақ тілеу, адал ниет көңіл жәйлі.
Лепесін Мұса-мырза дұғаменен
Бекітіп, Қамариден хабарлайды.

- Хұрметлу, ал ағайын, көрді көзің,
Куә боп естідіндер шәкірт сөзін.
Бүгіннен бастап Мәшһүр-Жүсіп дейік,
Ұстандар үкі тағып үнемі өзін.

Үкілі кәмшат бөрік түр ед биік,
Жарасып жалғыз қызы жүрген киіп.
Хазірет сөзінен соң бәйбішесі,
Барды да шоқ үкісін алды қиып.

Жанына бала Жүсіп кеткен жағып,
Отыр ед бағанадан елді бағып.
“Шырағым, көз бен сұқтан сақтасын!”-деп,
Үкіні өз қолымен берді тағып.

Көпейдің бойын шарлап ыстық сезім,
Қас қағым есіне алды жастық кезін,
Өзі де алғыр еді, албырт еді,
Маңына жоламайтын жасық сөздің.

Сөйлесе ой жүйесін түйіндейтін,
Кем өлшеп, артық айтып күйінбейтін,
Мақалдап кеткенінде шарифатпен,
Болмайтын естіген жан сүйінбейтін.

Амал не уақыт тар боп үндеуіне,
Кезікті ағайынның күндеуіне,
Әкесі алты ағайын болса дағы,
Қысқа жіп жетпей қойды күрмеуіне.

Жасынан Сермұхаммед асқан ерке,
Ат жалын азамат боп тартқан ерте.
Бар-жоқты парық қылмай қолы жомарт,
Өсіпті ер көңілді сері-серке.

Тетелес Досмұхаммед, Ізмұхаммед,
Шаруаға бейім-бейіл Тәшмұхаммед,
Алты ұлы Ақжігіттің атаныпты-
Ақылды Ақмұхаммед, Аймұхаммед.

Ақжігіт шарифатты білген бекем,
Бесімнің бесеуінің үлкені екен.
Ұстанып құдай жолын болып халфе,
Біраз жыл Түркістанды қылған мекен.

Жалтақтап Көпей қарайд баласына,
Апырай, тартты ма екен бабасына.
Құдайдан мінежат қып сұрай берді,
“Дұшпанның қалдырма деп табасына”.

Құт қонған Шорман тегі көрмей бейнет,
Орнаған дуа, дарын, артық зейнет.
“Құдайым бағынды ашсын, бауырым”-деп,
Мәшһүрдің маңдайынан сүйді Зейнеп.

Сары үкі бұлғақ қақты тақияда,
Сұлудай қолға түскен қапияда.
Жүсіпті нұрландырып, жалт қаратты
Есікте тұрған досы- Жақияға.

Кетуге ым қағысып ыңғайланды,
Ниеті үлкендердің шынға айналды.
Жақия асығып тұр балаларға,
Айтуға бастан аяқ мұндай жайды.

Алды да рұқсатты кетті шығып,
Пайымдап, парасаттап көпті ұғып.
Ежелден “Ел құлағы-елу” деген,
Осылай кейінгіге жетті шындық.

Бұл кезде қазақ-орыс қатарланды,
Сарыарқа сан тараптан отарланды.
Патшаның Столыпин саясаты-
“Тарихи дүрбелең” деп атанғалы.

Ауысып ел басқару орыстарға,
Тағылды шен мен шекпен болыстарға,
Көбейіп мұжықтардың поселкасы,
Орнады шұрайлы жер қоныстарға.

Қалдырып ата-мекен қыстауларын,
Сезгендей түбі - қысым, ұстау барын.
Тұрғындар жерін сатты, сыйға берді,
Орындап губернатор нұсқауларын.

Таратпақ ғылым-білім болып бүркеу,
Күшейді күннен-күнге малды тіркеу.
Атаман әмірімен жылу жиып,
Күшімен қазақтардың салды шіркеу.

Көк шіркеу алтын күмбез қоңыраулы,
Үнімен күңіrentіп қоңыр тауды.
Көтерді үстемдігін етіп ие,
Шынжырлы крест таққан омырауды.

Ашылып христиан дін мектебі,
Қаржыны қатаң төлеу - міндеттеді.
Бақастық ішінара етек алып,
Сес басып молданы поп үндетпеді.

Асырып бірте-бірте үстемдігін,
Қазақтың бетке басты көп кемдігін.
Қала жоқ, егін салмай, ғылым қумай,
Тамақты мал өсіріп, ішкен тегін.

Іздеген “Жерұйықты” Асанқайғы,
Молшылық. Білдірмес деп кедей, байды.
Белгісі жатып ішер жалқаулықтың,
Емес пе есептесең мұндай жайды.

Қазақтың байтақ елін кем демеген,
Алайда “Жерұйыққа” теңгермеген,
“Жерұйық” жасалады қолдан ғана,
Адамның ақыл-ойы еңбегімен.

Деп Яков қазақшаны саулатады.
Мақалдап өңгімені лаулатады,
Естіген қожа-молда тыжырынып,
Көретін орнағандай жау жатағы.

Тіл жетіп келтіре алмай дәлел-қайрат,
Ер көңіл, ер-жігіттер тісін қайрап,
Торығып торға түскен арыстандай,
Бұлқынып, буырқанған қаны қайнап.

Түйіліп бір қара бұлт төгетіндей,
Қопарып ел іргесін сөгетіндей,
Таянып келе жатты қарсы алдыңнан,
Шет жұрттың арсылдаған-төбетіндей.

Құрылып қанды қақпан, темір құрсау,
Салынды шиеленген шідер-тұсау,
Әкетті есірткі су елді жайлап,
Көрмейсің жүрген жанды дені бір сау.

Тарылып қысқы қыстақ, жазғы жайлау,
Тас салған: ел партия, шықты сайлау,
Күн кетті бейқам елден, бейбіт жерден,
Қалмады пәтуәлі іс, сөзде байлау.

Күмәнді көшіп көңіл қоздаған іс,
Таңба сап сүйегіңе қорлаған күш.
Аузына бір мылтықтың мың жан сиған,
Кеуледі жер-әлемді бір қозғалыс.

Жерімей өз қағынан құландары,
Жыртылмай құдай сөзі - құрандары,
Тағдырдың талқысынан қорғайтұғын,
Халықтың асыл ұрпақ - ұландары.

ТОЛҚЫН



ТОЛҚЫН

Бауыры “Бұзаутастың” қалың шілік,
Суы бар мал шығатын қанып ішіп.
Білмейсің “жүт” дегенді күт болмаса,
Бермесін құдай басқа ғаріпшілік.

Оралған көк шалғыны белуардан,
Пішенге көп шалғышы келуі арман.
Сілтесе төрт-бес адам бір жұмада,
Түседі тарантаспен елу арбаң.

Үш-төрт үй орын теуіп отыр жайлап,
Тоқтысы кенже туған қалад шайлап.
Деп біреу атаманға сыбырлапты,
Қысы-жаз қоятын жер бие байлап.

Көпейге келді бір күн Бельденинов:
- А-а, тамыр, керек қой деп елге игілік.
Дәмдесіп қазақтармен тұратұғын,
Бір жұмыс қолдан келер түр килігіп.

Берсеңдер бие сауып, бізге қымыз,
Тапсырма Филипп берді сізге тығыз.
Келетін Губерниядан қонақтар бар,
Байлауға отыз бие жетер нығыз.

...Атаман жылқышысы келді айдап,
Сауыңдар екі-үш күнде желі байлап.
Бас тартып қапелімде қап жүрмеңдер,
“Ақтабан шұбырынды елім-айлап”.

Бұл сөзді естігелі кетті маза,
Мойныңа алғалы тұр мініп таза.
Қысы-жаз отары боп пошта шауып,
Малшылық- малайлықпен көрер жаза.

Бар еді Сәдірбайдың жалғыз қызы,
Секілді жарқыраған таң жұлдызы.
Татарша, орышаны қатар сөйлеп,
Талпынған бал-бұл жанып алма жүзі.

Қызымен Потаниннің үйір-шүйір,
Жүреді кір жуысып, сауып сиыр.
Любаның жасы ересек Бағиладан,
Он бестен он алтыға шыққан биыл.

Бағила Люба келсе, кетеді еріп,
Жіберген әке-шеше ерік беріп.
Ән салған жүріс-тұрыс мінезіне,
Таңданды бала Мәшһүр желікке еріп.

Сол көңіл су сепкендей қалды сөніп,
Кім білді тұрғандығын ажал төніп.
Виктордың қайығы аунап, суға кетті,
Екі қыз жігіт айтқан сөзге көніп.

Бұл жағдай ел ішінде болды әңгіме,
Любаны Виктор алып шыққанмен де.
Жүсіптің жүрегінде бір аяныш,
Сақталып қала берді ол мәңгіге.

- Сәдірбай, мына Яков тамыр еді,
Өзінді, бірге барсаң таныр еді.
Биесін сауып беріп сыйласайық,
Билеуге жіберген ғой тәңір тегі.

- Көпеке-ау, не деп тұрсың орыс үшін,
Көрсетіп келеді ғой жылда күшін.
Кетірді жалғыз қызды көлге апарып,
Любадан қастық болды соны түсін.

“Орыстан бірге жүрер болса досың,
Қасыңда үлкен қара балтаң болсын!”.
Сол сөзді кім айтса да текке айтпаған,
Көгенбай қазір келед, айтам сосын.

Қайқыбас селебесі Бақтыбайдың,
Жүргенде санын соғып емес пе айбын.
Адамнан құрқол жүрген кім қорқады,
Әлсізді ескеріп ед, әлді қай күн?

Жұмысы Бақтыбайдың емес бұрыс.
Ол өзі шығармаса, шықпайды ұрыс.
“Бақтыбай, тек адал бол!” - деген сөзді,
Кім болсын жан сақтауға айтқан дұрыс.

Көгенбай кіріп келді сұсты, жылмаң,
-Көнекей, не шештіңдер, етпей сырдаң.
Қағаздап дауларыңды бер біржола,
Айтылмай сөз қалмасын ішкі сырдаң.

Келед дейд губернатор, тіпті жақсы,
Алдына кісі өлімін тартып бақшы.
Жолын тос, барлық жатақ, арызыңды айт!
Халыққа бұдан артық не қылмақшы.

- Көгенбай, сөзің жөн ғой тыңдағанға,
Тыңдату керек сөзді құндағанға.
Жартысы қазағыңның орыста жүр,
Тыңдай ма солар сені шындағанда.

Білетін патша заңын бар ма бір жан?
Шитісіз ешбір күшке келмес мұршаң.
Бір күні сылтау тауып қырып салса,
Табамыз қандай пайда осы жырдан.

Көгенбай бөліп кетті Көпей сөзін,
Тыңдауға одан әрі етпей төзім.
- Бұл орыс бұға берсең сұға беред,
Босатпау керек соққы берер кезін.

Көктемнің мына келген желіменен,
Баянның тұрғылықты еліменен.
Толқында бір-екі рет беті қайтса,
Сөйлесед сонда ғана сеніменен.

Жиылып қалған екен төрт - бес кісі,
Дүр етті ештеңемен болмай ісі.
“Би” емес, “болыс” емес, “сұлтан” емес,
Дегені “губернатор” неменесі?

- Тайынбай айту керек, қорқар не бар,-
Деп, гулеп өзінше әркім берді хабар.
Бірі кем, біреуі артық айтқанменен,
Болмады құр толқудан басқа табар.

Жыр еді жазылатын өз алдына,
Жүсіптің өткен кеше көз алдында.
Көпекең: “бұдан бала бұзылад”, - деп,
Жақсының көрсін ол да дәмін татып.

Отырған ел орынға күн де батып,
Көпекең ойға кетті түнде жатып.
“Жүсіпке әулиені көрсетейін,
Жүреді түсіндір деп кімге шатып”.

Бала ғой дүниенің білсін сынын,
Құлаққа әулиенің ілсін жырын.
Құдайдың құдіретін мойындасын,
Түсініп жер-өлемнің тылсым сырын.

Сол бетте көзі ілініп кеткен екен,
Түсінде әулиеге жеткен екен.
Самсаған самаладай шамшырақтар,
Ордасын бала Жүсіп еткен мекен.

Үн шығып бірде “Қоңыр әулиеден”
Күңгірлеп өнебойын ән билеген.
Бұлбұл құс ұшып келіп қона қалды,
Қалам боп бес саусағын әлдилеген.

Әулие ақ сәлделі қоңыр адам,
Даусымен бойды ертіп қоңырлаған.
“Ал, балам, қолың жай...!-деп бата берді,
Сыйласын гауһар жүрек, өмір саған!

Басқадан жаратты артық бір бағынды,
Биіктен нәсіп етіп нұр тағынды.
Ала бер қорғанбай-ақ қолың созып,
Алмадай тізіп қойдым ұрпағынды...”

Оянып кетті, әрман болжай алмай,
Қапыда “Әмин” деп қол жая алмай.
Жүрегі аттай тулап дүрсілдеді,
Иә, Алла, не көрдім?- деп,- болды қалай?

Көпекең тіс жармастан ешбір жанға,
Төсектен тұрып кетті таяп таңға.
Дәрет ап, намаз оқып, тілек тілеп,
Көз жұмып сыйынады бір Аллаға.

Білмеді сенерін де, сенбесін де,
Түсіріп, кейде ұмытып, кейде есіне.
Жорытсам ба екен деп мазаланды.
Не үлкен, не бір сүйген теңдесіне.

Әйтеуір көк дөненді қойды ерттеп,
Баратын “Әулиеге” ойды серттеп.
Алып кеп торқасқа атын “Кеттік!” деді,
Жүсіпке: “Атқа мін!”-деп, келген беттен.

Бір жолға шыға салды көлемі кең,
Ыңылдап сөздерді айтып өлеңменен.
“Ей, Алла”- деп қояды анда- санда,
Соңында Жүсіп келед дөненімен.

Көк дөнен қатарласып елендейді,
Ешнәрсе Көпекеңе еленбейді.
- Аяңдат! Тежеп ұста!- дегенінде,
Жүсіп те:- Аяңдатып келем,- дейді.

Даңғыл жол бірте-бірте жіңішкеріп,
Тоғайды өрлеп келед тым ішке еніп.
Қарсаңға кейде тартып қиялайды,
Бойды алып жұпар иіс тыныс кеңіп.

Биікте құндыз бөрік қарағайлар,
Тұрғандай жолын тосып талай айлар.
Жүсіптің дыбысына дыбыс қосып,
Қол соғып жапырақтар “алақайлар!”.

Аттардың тас шағылып тұяғына,
Қыранның іліккендей қияғына.
Домалап ұшып түсіп қарағандай,
Тұйғындай бала Жүсіп сияғына.

Дөненін ауыздықпен алыстырып,
Тізгінмен келед қолын қарыстырып.
Көпең де ара-тұра тіл қатады,
Орайы келген жерді таныстырып.

- Қарағым, бұл- асуы “Жасыбайдың”,
Төменде анау жатқан жасыл айдын.
Неліктен атанғанын “Шойынды көл”,
Білмеймін, несіне оны жасырайын.

“Жамбақы”, мына биік ақ қарағай,
Жанынан жан өтпейді жалт қарамай.
Әріде хикмет “Қоңыр әулие” тұр,
Тауап қып тілек тілеп жатқан талай.

Барамыз құдай жазса қазір соған,
Құйылар көкейіңе әзір жоқ ән.
Әр сөзің ақтарылып ақ бұлақтай,
Дуалы лепес берсін әзіл саған.

Кездесіп тұрмыз заман тар уағына,
Сыйынғай ата-бабаң аруағына.
Яссауи берсін қуат, Бәйзәу¹ демеп,
Ғылымды біліп екшеп, талғауыңа.

Жалғанды “Мәшһүр” аты есіміңе,
Қорықпа, құдай кепіл несібіңе.
Оқытам, көйлегімді сатсам-дағы,
Дегенде келді әулие есігіне.

Тұрғандай құлақ тосып барлық әлем,
Оқыды аруаққа арнап шәріф кәләм.
Именіп әулиеге аяқ басты,
Иіле босағадан беріп сәлем.

¹ Әулие, пір, қолдаушы, Ислам дінінің
аса терең білгірі, ғалым, өте әділ қазы.

Таңырқап Жүсіп бала қалды қайран,
- Тас сарай жаралды,- деп қалай, қайдан?
Құдірет күннің көзі тимесін деп,
Үстіне үкі таққан қарағайдан.

Үш тіркес, қоспақ бөлме, түзу көше,
Ауызғы үй, орта бөлме, төр үй десе.
Бармай-ақ көрмеген жан түсінеді,
Бірінен біреуі үлкен әлденеше.

Орта үйдің төбесінде тесік-үңгір,
Сөйлесең, бірге сөйлер, дүңгір-дүңгір.
“Түнейтін әулиенің орыны,- деп,-
Айтады, құдай сырын білед кім бір.

Асты құм отыруға қандай жайлы,
Ас жасап, ауызғы үйде ішед шайды.
Келгендер әулиеге тілек тілеп,
Көреді қайран қалып мұндай жайды.

Төр үйдің тас қазан бар түкпірінде,
Көрмейсің қап-қараңғы түк түрін де.
Құдайдың құдіретті күшін сезер,
Ғажайып қиял келед пікіріңе.

Тас қазан зәм-зәм суға кейде толы,
Құлына құдай сүйген болып жолы.
Тартылып қалад кейде тамшы тамбай,
Қазанға ұмтылғанның жетпей қолы.

Су ішіп, әртүрлі ауру емге жағып,
Дәрет ап, сыйынумен бойын бағып.
Алладан аян күтіп зарығады,
Қамығып сарғаюмен қажып- талып.

Ақтығын артық салып әрбір адам,
“Аллалап” аятпенен басқан қадам.
Сұраған күні-түні жақсылықты,
Болсын деп хақ мұсылман барлық ғалам.

* * *

Көңілден өткен кезде осы ой-керуен,
Ұласып жаға-жайда ерек дүмен.
Жүсіптің ойы қайта сабақталды,
Келдім деп не алғалы Керекуден.

Жыл болды Керекуге келгеніне,
Түскелі ғылым қуу ермегіне.
Қадалып қолға түскен кітаптардың
Толқыны көкірегін кернеді де.

Жақын ед жатқан үйі жаға жайға,
Қаққандай темір ұста таға тайға.
Жымдасып әрбір сөзі кете барад,
Көңілге түйген ісі болсын қайда.

Кең қолтық ұлы “Ертістің” мол арнасы
Күн қызса, қайнап халық толар басы.
Шомылған ақ шабақтай қыз бен жігіт,
Қарттардың жүк сүйреткен қол арбасы.

Өтеді көз алдынан көшкен елдей,
Болады кейде бей-жай көңілі келмей.
Қаланың өміріне таң қалады,
Болатын бірде шөлдей, бірде көлдей.

Шаңқылдап суды жанап ақ шағала,
Қонады қорек затын тапса ғана.
Жасатқан әрбір жанға, бір қарекет,
Өмірі күннен күшті хақ тағала.

Балықтай суға сүңгіп бір жас қыздар,
Көңілін көзғағандай біраз ызғар:
Қапыда суға кеткен сұлу қыздан,
Басында Сабынды көл қалған сыз бар.

Апырай, қайық қалай кеткен аунап,
Біреудің біреу көңлін өткен аулап.
Жас жігіт өз сүйгенін құтқарды да,
Әкетті-ау, Бағиланы толқын баурап.

Шіркін-ай, бөлек еді қияпаты,
Түскендей ақ қағазға сия хаты.
Қиылған қасы-көзі төңкеріліп,
Елтiткен жан-жүйенді зияпаты.

Сондай да туады екен аққудайын,
Сұлудың аңдапты кім нақ мұндайын,
Көрген жан көз айырмай қалушы еді,
Сүйгендер сөнбес қайғы тапты уайым.

Ақ маңдай, пісте мұрын, қызыл шырай,
Қиғаш қас- туған айдай, жүзі нұрдай.
Гүл ерін, оймақ ауыз қолаң шашты,
Талдырмаш сұлу мүсін, сәби сыңай.

Көзіңе көрінуші ед періштедей,
Ілігіп ел аузында теріс демей.
Қызыл гүл ерте солды, шешек атып,
Төрінде дүниенің өрістемей.

Құтқарды орыс жігіт қалыңдығын,
Жүзуге кеп тұрған соң қалы мығым.
Егер де қазақ болса қайтер ед,- деп,
Жүсіптің ойындағы жалынды ұғын.

Жағада ойға шомған Жүсіп бір кез,
Селт етіп сырт айналды бұрылып тез.
Тербетіп Керекудің көк аспанын,
Шіркеудің шықты үні қоңырау жез.

Бір жуан, бірде ащы үн тербетіп,
Аймақты алып кетті күңіретіп.
Қоңыраудан, ауық-ауық шыққан дыбыс.
Тұрғандай бар қаланы дірілдетіп.

Артық па, біздің мешіт әлде кем бе,
Ықпалы елге тиер әлде тең бе?
Жаны бір қазақтың да, орыстың да
Емес пе құдіретке бәрі пенде.

Ендеше, шіркеу неге көзге ерек,
Бар ма екен біз білмейтін өзге дерек.
Ынталы орыс жаппай, қазақ салғырт,
Ол неге, осы арасын сезбек керек.

Болар ма дінді толық білерлік күн,
Жандардың білед деген бойында мін.
Күшеніп татар молда оқығаннан,
Құлаққа басқа түк жоқ ілерлік үн.

Бір ойын бір ой қуып толқындаған,
Сағынып, елді ойлап болды ма алаң?
- Төрінде көңілімнің қалар- деді
Ұлы Ертіс, жасыл пүліш, торғын жаған.

Дүрсілдеп балаң жүрек ауық-ауық,
Келеді әр тарапқа көңілі ауып.
Отырды ақшам болмай қағазына,
Қалам ап сөз түйіндеп дамыл тауып.

“Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнері жоқ жігіт жастан.
Мәз болма мұнарланып көрінгенге,
Кісі жер жемісі жоқ тау мен тастан.

Кешкілік іңір шәйді ішкеннен соң,
Ертеңгі базар жайын пішкеннен соң.
Ой тербеп Әбдіқасым сөйлеп кетті,
Қазанда қасап еті піспеген соң.

Жиылып күнде осындай көрші-қолаң,
Білмейтін деуді әсте ерсі болам.
Дәм-тұзы араласып, әңгіме айтса,
Үй түгіл босамайтын жазғы қораң.

- Өткен ғой нелер шешен, талай сабаз,
Жазуға таппады екен қалай қағаз.
Айтқан сөз, қылған ісін естігенде,
Көзіне жас алады қимай Мағаз.

Жарықтық, имам Мағаз көп біледі,
Өзінді ішпей-жемей бөктіреді.
Татардың имамындай, өттең, шіркін,
Бір мықты дін орнында жоқ тірегі.

Есімде сол кісінің әңгімесі,
Бар еді не сиқырлы әнге үлесі.
Етікші Уәлимен бірге өскен,
Жастықта бірдей келіп сәнді үйлесі.

Ақтілес, Бәсентиін ішіндегі,
Зор дене, батыр тұлға пішіндегі-
Абыз би аты кеткен алты алашқа,
Көріп кел әулиелік күшінде еді.

¹ Қорғаушы, күтуші (кітапты) сақтаушы, жадында сақтаушы, құранды жатқа білуші.

Кім білсін қалай хабар беретінін,
Соңынан қандай пірдің еретінін.
Сезетін күні бұрын айшылықтан,
Алдына дау-шар бітім келетінін.

Ол күні отырмайтын тағат тауып,
Қарайлап жан-жағына ауық-ауық.
Сұрланып түсі суып мазаланып,
Күткендей болатұғын қатер-қауіп.

Іле кеп, айтысқандар арыз-нала,
Бірі рас, бірі өтірік, қарыз, жала.
Жан беріп, құран ұстап, ант-су ішкен,
Тоқтамай мойнындағы парызға да.

Бітіспей ел үстінде бір жәйсіз дау,
Сөз жүрді жылға тарта ыңғайсыздау.
Тартысқан төрт тарапқа өсек өршіп,
Аңдысып аяқ асты жағдайсыз жау.

Іс түссе өз басына кім мұңаймас,
Қақпанды басқан талай шынайы жас.
Бір байдың бұлғақтаған жалғыз қызы,
Жүріпті үш жігітпен боп сыбайлас.

Оң жақта жүкті болған- балалыны,
Ақтауға, ақтылы ғой алалыны.
Айдап кеп, “айыбым” деп беретұғын,
Таба алмай, ел сандалды жалалыны.

Үш жігіт бірін-бірі біліп сонда,
Шыдамай төбелесті шығып жонға.
“Баланы сен таптың ба, мен таптым ба?” -
Деген сөз мақал бопты бұрын-соңға.

Абызға қыз әкесі кісі салған,
Күнәға батырмай ма ісі жалған.
Қызымның байын тауып берсін депті,
Қыз білмейд кім екенін, қырсық шалған.

Абыз би естіп терең батты ойға,
Бара алмай күндіз жиын, ас пен тойға.
Апыр-ай, қалай ғана білмеді екен
Баланы тұңғыш рет біткен бойға?

Алдырып үш жігітті қызыл шеке,
Тіктірді үш киіз үй жеке-жеке.
Тамақты ашықтырып қолдан берді,
Қалай да таппақ болып адал неке.

Ұлы екен бірі байдың шалқақтаған,
Екеуі кедей екен салпақтаған.
Бермейді сөзге қонақ байдың ұлы,
Безеріп жауап қатпай жалтақтаған.

Айтатын билік күнін белгіледі,
Бұл істі алты атырап ел біледі.
Бөлініп төрт тарапқа тұрған бұл дау,
Алдында Абыз бидің телміреді.

Бөлектеп қойды қызды баласынан,
Болсын деп аулақ біреу жаласынан.
Әуреге түсірді елді ашылмай сыр,
Бөріне қыздың бірдей қарасынан.

Байлаулы уақыт жетті сабақталып,
Төрт жар боп жұрт жиылды қабақтанып.
Алдына ашықтырып ас қойғызды,
Алсын деп бұл үш жігіт тамақтанып.

Қызды әкеп отырғызды қарсы жаққа
Түсем деп ойлап па еді осы шаққа.
Бүгіліп қыз қаншырдай қатып қалған,
Кешегі лайық жан алтын таққа.

Көзінен домалап жас бүршақтайды,
Біреу шошып, біреулер сыр сақтайды.
Біреулер шикі өкпеге зар боп жүрсе,
Боп отыр бұл пақырға құрсақ қайғы.

Әлі отыр бай баласы тамақ ішпей,
Шамданған асаудай боп мінбей -түспей.
Тамағын екі жігіт ішіп болды,
Бекініп неге болсын көніп іштей.

Абыз би қызға қарап мойын бүрды,
Құраны оң қолында біраз тұрды:
-Сен айтшы, жәбірлі жан, айыптың кім,
Дал қылмай жұрт алдында ашып сырды?

- Би ата, байлаулы сөз айта алмадым,
Дегем жоқ тап осылай қайтар бағым.
Бірінен бірі қызық көрінген соң,
Көңілін бәрінің де қайтармадым.

Қыз сөзі болды тәмәм соныменен,
Ісі жоқ жігіттердің оныменен.
Әрқайсы өз бастарын ақтап жатыр,
“Кінәм жоқ, көрмеңіз”- деп оны менен.

Бай ұлы ашуменен сөз бермеді,
Сөзінен бұрынғы айтқан өзгермеді.
Дегендей “түн қараңғы түндік жабық”,
Кісі жоқ ұстап алған, көз көрмеді.

Сәбиді әкел деген болды хабар,
Айла жоқ бұдан әрі басқа табар.
Шалқалап шыр-шыр етіп ембей қойды,
Долданып болмай тәбет асқа шабар.

Бай ұлы тосын іске қалды қарап,
Бұл істің келді жөні құдай қалап.
- Айтатын пәтуам сол,-деді Абыз,-
Тыңдаңдар, төрт жағың да кетпей тарап!

- Төлесін байдың ұлы “қырық жеті”
Ат шапан екі жігіт айып шеті.
Ұқсайды әке-бала безерлігі,
Ас ішпей, емшек ембей, қайтпай беті.

Бұл- әйел. Байдың ұлы, саған нахақ.
Емес қой мешкей деген жақсы да атақ...”
Дұғамен Абыз сөзін аяқтады-
- Шығармай жүріңдер,- деп елде шатақ.

“Бай байға құяды”- деп айтқан бекем,
“Сары алтын- сабыр түбі” тапқан мекен.
Абыздың әрбір сөзін мәтел қылып,
Бұзылмай ел тыныш боп қайтқан екен.

...Отырған бала Мәшһүр бағып бәрін,
Әр сөздің құлағына құйып нәрін,
Абыздың айтқандарын тере берді,
Лаулатып май ағаштай ақылдарын.

Қалмайды естіген сөз сол орында,
Құбылып шығады ертең әр форымда,
Жатталып көңілінде сақталады,
Сарқылмас қазына боп сөз қорында.

Кейбір кез естігенін қайталайды,
Жорғадай су төгілмес шайқамайды,
Кеткенде желдей есіп, жүндей сабап,
Өзі де не дегенін байқамайды.

Ауызы не қылса да сөзге епті,
Бір алғыр, құйма құлақ кезге кепті,
Көргендер сырт пішінін таңырқасып,
“Келген бе бір жас бала бізге?”- депті.

Жүреді үлкендерді жағалатып,
Сөйлейді әрбір сөзін бағалатып.
Таймайды шарифатта сүрінбейді,
Көк мұзда тай мінгендей тағалатып.

Ойынан Абыз биді тастамайды,
Жүргендей терең ойда, баста қайғы.
Әр істе үлкендердей қылық қылған,
“Ағузі... биссмилләсіз” бастамайды.

Сүйеді жаны еріп тазалықты,
Бойында бар қасиет наза мықты.
Намазын бес уақытта қаза қылмай,
Қорқатын бір құдайдан жазаны ұқты.

Ноғайдың мешітінде Ғабдолланың,
Жүзінде әр мұсылман жалған-фәни.
- Бек мотор пайда қылғаш итсаяң,- дейді,
Секілді шер Арыслан Ғазірет Әли.

Қайсың ят бұ жайында билерлігің,
Тым яқшы айтсаңызлар бир ерлигін?
Иба қып бала Мәшһүр сұрады рұқсат:
- Бар ед деп бір жыр айтып берерлігім.

- Е-е, бала, айта қойшы қысқа-қысқа!
Жұрт жым-жырт бола қалды осы тұста.
Түйдектеп жатқа соғып кетті ағып,
Ғұмырдан мұсылмандық нұсқа-нұсқа.

- Мұхаммед-хақ пайғамбар досты құдай,
Періште тілдестіріп қосты ұдай.
Біреуі біреуі үшін жанын қиған,
Ғалінің Ақтамменен достығындай...

Жырды естіп бар жамағат қалған ұйып,
Қалт етпей құлағына алған құйып.
Таңырқап кейбіреулер: “Бұл кім?- дейді,
Басына мұнша ғылым салған жиып?”

- Өн бойың бала екенсің тұнған ақыл,
Болғанда жүзден мәтел, мыңнан нақыл.
Дауысың қандай жақсы қоңыраудай,
Көне сен, намаз болды, азан шақыр.

Мөлдір үн мешіт ішін қалықтады,
Өзінің кім екенін анықтады.
Қаудиған ақсақалды қариялар,
Тыңдаудан сүттей ұйып жалықпады.

Гулесіп қайран қалып тарасты ел,
- Біреу біліп, біреулер адасты дер.
Менің досым - Көпейдің баласы,- деп,
Қасапшы Әбдіқасым салған-ды зер.

Дәріс ап медресеге барған біраз,
Сыңайы білім алып болмаған мәз.
Сабақты өтілмеген жатқа соққан,
Балаға қайран болып қалған Мағаз.

- Әкесі Баянаула күлік- Көпей.
Зерделер ескі сөзді біліп көкей.
Аузыңды ашып, аяғың салдырмайды,
Келгенде қырып салад “бүлік” дөкей.

- Дін, ғылым, өнер қуған сөзге бас бір,
Тараған Шобалайдан¹ жақсы дәстүр.
Әйтеуір, ғұмыр- жасы ұзақ болсын,
Жалғызы сол Көпейдің бала Мәшһүр.

Деп елге түсіндірді Әбдіқасым,
Әркімдер “қай бала?”- деп сұрағасын.
Ақ сары, дөп-дөңгелек жүзі нұрлы,
Адамға бір қараған ұнағасын.

Күн өтті күн артынан жылжып әрі,
Таңырқап көзі көрген жұрттың бәрі.
Ішінде медресенің молда Мағаз,
Сұрады “Кім екен?”- деп ұстаздары.

- Дүржанбай, Байжан білім берген үйден,
Құдайым көз жасымды менің иген.
Лепес қып тұсауымды кескен пірім-
Хазірет указной Қамаридден,-

Деп бала берді жауап сұрағына,
Тиген соң арнайы сөз құлағына.
“Жасымнан кездесіп ем тақсыр”-деді,
“Үш қайнар ұстаздардың бұлағына”.

¹ Ру, атаның аты.

Молла айтты: “Биі ханға теңелгеннің,
Түлегі екенсің ғой деген елдің.
Оқысаң Қамаридден Хазіреттен
Қалқам-ау, енді бізге неге келдің.

Қазақша, татарша да жетік тілің,
Шәкірттің ілестірмей жүрсің бірін.
“Бидан”¹ мен “Мұхтасарды” жатқа соқсаң,
Жоқ бізде одан артық берер білім.

Мағазды шымырлатып бір ой ішкі,
Аузына айтсам деген ақыл түсті:
- Таппайсың бұл өңірден терең ғылым,
Бармасаң Уфа, Қазан, Тройскі.

Білімнің әлхамділла керім-ақ дүр,-
Деп, Мағаз сөзін түйді беріп мақұл,-
Оқытсаң ел ішінің балаларын,
Қолыңнан молла болу келіп-ақ тұр.

Осымен аяқталған бұл әңгіме,
Жетіпті ұзын құлақ бұ да әркімге.
Өкесі Уахиттың іздеп келіп,
- Естідім, білдім,- депті бұны әлгінде.

Моллеке, Мәшһүр деген қандай бала,
Оқуға бар дегенің қай бір қала?
Қосар ем Уахитты мен де бірге,
Екеуі болса серік, құдай пана.

¹ Діни оқулық

- Сөз емес Әлбатта мен айтқан бекер,
Бұл істі баласы емес, әке шешер.
Құл болды Сүйіндікте күлік Көпей
Келісесің Баянға, барсаң егер.

Атанып Мәшһүр бала-айдар таққан,
Құрметі қымбаттау боп алтын тақтан.
Қозыбақ бәсентиін Баянтау би,
Туралы кім сөйлесе аузын баққан.

Кісі екен әлгі ақсақал өте оңды,
Көп көрген жақсы-жаман, оңды-солды.
Жүсіпке іздеп келіп жолығуға,
Үйіне Әбдіқасым келіп қонды.

Уахит қасында жүр еріп бірге,
Ұшқырлау мінезі бар желіктірме.
Бойында еркеліктің табы жатыр,
Ұстамсыз, тез жалыққыш, зеріктірме.

Ішінде қарағайдың жері шалғай,
Атанған жас кезінде ақын Шалтай.
Ақсақал әлі ширақ сайрап отыр,
Секілді қарт бұлбұлы алтын Алтай.

Ойнақы әзілге де іркілмейді,
Көмейі әңгімеге бүлкілдейді.
Жұрт шулап жатса дағы езу тартып,
Сонда да бала Мәшһүр бір күлмейді.

Соғады арғы-бергі өткендерге,
Ел шауып, егер болып төккен терге.
Ту ұстап, қол бастаған, орда құрып,
Абылай ақ бурасы шөккен жерге.

Қар түсіп қарағайда қалың жауған,
Ақ сиыр жүт жылы боп, халық ауған.
Тігерге тұяқ қалмай бөсентиін,
Шұбырып бір-ақ шыққан Баянтаудан.

Сүйіндік құшақ жайып берген қоныс,
Құт қонған, қыдыр дарып сегіз болыс.
Мал-жаны орнына кеп екі-үш жылда,
Оралған мойынында болмай борыш.

Қозғанда Қозыбаққа болып кірме,
Бір табы бөсентиін қонып бірге.
Жаз жайлау, қыс қыстағы араласып,
Отырған біраз жылдар теуіп ірге.

Қозыбақ Бөсентиін, Баянтау би,
Бала екен сонда туған- аяулы сый.
Құдайдың өзі берген мырзалықпен,
Пайғамбар ақылына таяулау мый.

Қақ жарып қара қылды болған ғаділ,
Кернеген көкірегі толған ақыл.
Есесін бермей жүрген күштілерден,
Хақысын би алдында алған ақыр.

Көңілі кімнің болсын барға ауған,
Күншілдік аңдысумен артқан жаудан.
Бар екен бір жарлыда тайлы бие,
Өткен жыл қысыр қалып арда сауған.

Сол тайды ойда жоқта кеткен ұрлап,
Болғанын оның қалай қайтем жырлап.
Арада ек-үш жылдай өткеннен соң,
Базарда кез болыпты жеккен парлап.

Керторы екеуі де түрі бірдей,
Таңғысыз, айырғысыз бірін білмей.
Дауласқан, жанжалдасқан, жағаласқан,
Бірі бай, тарбайысқан бірі кедей.

Біреуді бірі жақтап қорғаштаған,
Жел беріп, енді бірі қолпаштаған.
Жайылып “Ұры ұсталды!” деген хабар,
Ел іші барымтаға жол бастаған.

Бұл өзі көп әңгіме ушыққаннан,
Аталас әрбір ру шу шыққаннан.
Жаратып бір-бір атын белдеуде ұстап,
Қыз алып қашудан да тыншықпаған.

Ат дауы жылдан аса ерген екен,
Өрқайсы дәлел сөзін терген екен.
Алдына екі даугер келгеннен соң,
Төресін Баянтау би берген екен.

Биемен салыстырған кертory атты,
Атбегі сыншы екен ерен қатты.
Бір-бірлеп екі атты да әкелгенде,
Кертory енесіне шұрқырапты.

- Ал, мырза, иланбаймын бір сөзіңе,
Мынау ат кедейдікі, бер өзіне.
Бәйгі аттың жеті байтал тұрар құны,
Түсірмей, бер де құтыл, жұрт көзіне.

Көнбесең оның құны екі тоғыз,
Төлемеу мұсылманда мүлдем жоқ із.
Ұрының қолын шауып жер аударған,
Ежелгі арғы атамyz ғұн мен оғыз.

“Атадан дейді- бала туса екен”
Адал боп ата жолын қуса бекем.
Бетіне келер ертең ел алдында,
Ұятын өзі біліп жуса екен”.

Деген сөз мақал болып қалған содан,
Білетін Сүйіндікте Шонты, Шоман.
Айдатып бір базарға алдырыпты,
Үш жүз қой сыйлас досы аға Шоңнан.

Екенсің бала Мәшһүр қонаққа үйір,
Деуші еді “Ат болар тай саяққа үйір”.
Уахит- менің мынау баламменен
Жүріңдер жолдас болып, үйір-шүйір.

Моллекең “Меймансың,- деп келген қиыр”
Сөйлесті ықыласпен, шықса бүйір.
Оқуға екеуіңді бағыштап тұр,
Ала кет, айналайын, барсаң биыл.

- Оны мен біле алмаймын әкемде ерік,
Уахит, барсаң қолыңды әкел берік.
Біріміз-бірімізге жәрдемші боп,
Жүрерміз құдай жазса болып серік.

Әзірше, Шалтай ата, бір қалауым:
Сөзіңнің қоя тұрып бұл тарауын.
Абыз би туралы не айта аласыз,
Қалдырған ел ішінде сөз балауын.

- Абыз би Баянтаудан болған әрі,
Жасаған адам екен қолдан дәрі.
Дертіне шипа тапқан қашан болсын,
Алдына мұңын шағып барғандары.

Көп сөз бар ол кісіден мақал- мәтел,
Тараған ел аузында қауіп-қатер.
“Емес қой жоқтық ұят, байлық мұрат”,
Дейтұғын еңбек қылам, маған да әкел.

“Шығады ақыл жастан, асыл тастан”,
“Күн ортақ, жақсы ортақ” әуел бастан.
“Мал - жаным садақасы, жан-арымның”
“Ақыл-дос, ашу-дұшпан” бала жастан.

Әр сөзін айтқан сайын құндап-пұлдап,
Жас Мәшһүр қалт жібермей қалған тыңдап.
Жаһаттап, іштей айтып қайталайды,
Соғылған төс, балғадай өзін шыңдап.

Бірінен-бірі асып ғылым-білім,
Бойына жұпар иіс тарап ілім.
Ойына қайта-қайта оралады,
Бір арман- білсем деген араб тілін.

Қолына Құран-кәрім, алды төпсір,
- Оқысын, балаңызға қатты тапсыр.
Ғылымы дін исләмнің осында тұр,
Беріңіз батаңызды бізге, тақсыр.

Батасын берді Шалтай төгілдіріп,
Отырған үйдің ішін егілдіріп.
“Аш, Құдай, алдарынан нұрлы таңды,
Көк бұлтын надандықтың сөгілдіріп”.

Өзі де адам екен салауатты,
Салмақты, салиқалы, ғадауатты.
Сөйлесе зымыратып тастайды екен,
Салғандай тоқ бәйгіге жарау атты.

Қарағай Керекуге шалғай елді,
Жер аты әуел баста Шалтай еді.
Өзгеріп ел аузында бірден-бірге,
Сол жерді осы күні “Шалдай” деді.

...Ертістің екі жағы азан-қазан,
Өте алмай қайық тосқан, кеткен мазаң.
Үйіне қасапшы дос кіріп келді,
Көпекең сәлем беріп айтқанда азан.

Қарсы алып Әбдіқасым есендесті,
Екі дос әңгіменің аузын шешті.
Білісіп екі жақтың хал-жағдайын,
Әңгіме базардағы жайға көшті.

Жиып-ап керек-жарақ қант пен шөйін,
Жүсіптің естіген соң оқу жайын.
Көңілі Керекуге дауаламай,
Қайтуға ертеңгі күн болды дайын.

Әкенің сезді Жүсіп қас-қабағын,
Тағы бір тосын істі бастағанын.
- Бір іс тұр, енді елге қайттық,- деді,
Жүсіптің Жаппар Құдай ашса бағын.

- Көпеке, мұныңыз не, бұл не жағдай,
Алды-артын ақылдасып бажайламай.
Жүсіпжан жақсы оқиды, маңдай алды,
Балалар бәсекелес азайғандай.

Тұрсыз ба, әлде, жәйі болмады деп,
Әр жерде мінез-құлқын қолдады көп.
Үйреніп қалып едік, қимай тұрмыз,
Қоймасаң бізге кінә болғаны тек.

- Көрейік оқи алса қысап тағы,-
Деп Көпей сөз аяғын тұсатпады.
Жасаурап “Қош бол, апа, ағатай!”- деп,
Жүсіп кеп үй иесін құшақтады.

Паромнан Әбдіқасым өткізді әрең,
Тәртіп жоқ, “пайда”, “пара” деген “пәлең”.
Біреудің атын басқа біреу ұрып,
Қып-қызыл дау, төбелес кетед зәрең.

Жолдағы жағдайды айтып жай-күйіне,
Қайықпен Әбдіқасым қайтты үйіне.
Сақталып қалатынын сезді Көпей,
Салмағы жолдастықтың бір түйінде.

Аттардың басын түзеп салды жолға,
Делбені ықтияттап алды қолға.
Босаңсып қыспағанмен сыр білдіріп,
“Жамантүз”, “Қалқаманға” жетті зорға.

- Бұл жердің тарихы бар ұқсаң, балам,
Жүрерсің сөз қып айтып болса санаң.
Жау шауып, жаз жайлауда отырғанда,
Сүргін сап құбақалмақ қылған жаман.


Ер Шора, ер Қоянкөз, Шомақ батыр,
Соғысып екі тәулік тоқтапты ақыр.
Ел жөйін сұрағанда бар айтқаны,
Әйелің бір ұл туды, той боп жатыр.

Деп солай ат қойыпты алқалап көп,
Сөз еді ел аузында айтылған дөп.
Әкесі Бұқар жырау Арғындағы,
Сол бала- Алтынторы Қалқаман деп.

Қалқаман батыр болған жойқын-ноян,
Көп еңіс Ертіс бойы келед ояң.
Алдынан құлан-бұлан баудай түсіп,
Қолмерген, құтылмаған жалғыз қоян.

Құрманбай қасиетті Мәстек абыз,
Жаралған бір ақ жалын адам нағыз.
Айтқаны, болжағаны тура келіп,
Арқада аты шулы болған аңыз.

БҰХАРАЙ ШӘРІП



БҰХАРАЙ ШӘРІП

Араға үш күн қонып жетті елге,
Баласын оқытпақ боп шеткі жерге.
Ақыл ап Қамаридден Хазіреттен
Бұхарай Шәріп жөн деп талапты ерге.

Бұл сөзді естіп елден Мұса мырза,
Көпейге ықыласпен болыпты ырза.
Түз тартқан Түркістанның керуен басын
- Осы деп таныстырған досым Хамза.

Баланды қосып жібер, болма қарсы,
Ол жақта жолдасы көп араб, парсы.
Оқуға өзі апарып түсіреді,
Жүрген жан талапкерге болып жаршы.

Көпекең мырза сөзін алып қабыл,
Көңілі өрекімей тауып дамыл.
Сөз байлап керуен басы Хамзаменен
Жүсіпті алып келген жедеқабыл.

- Шырағым, бір-екі-үш күн аунап-қуна,
Знаһар бос жүрісті аулап қума.
Келістім Бұхара жақ керуенімен,
Жүріп кет оқуға сен белің бу да.

Дос таптым Хамза деген қайырымды,
Таныса ғылым қуған зайырыңды.
Жасайды қолдан келген жақсылығын,
Білім қу, тарт та берік айылыңды,-

Деп Көпей баласына қойды талап,
Оқуын шетте жүріп, бойы қалап.
Шымырлап Жүсіп іші мұздап кетті,
Ең алғаш естігенде ойы тарап.

Қарсы сөз айту қайда әуел бастан,
Әкені құрмет тұтқан бала жастан.
Үндемей төмен қарап бас изеді,
Бар ғой деп әке әмірі бұдан да асқан.

Сағынып келген үйін қия алмады,
Толқытып келешек іс кей алдағы.
“Апам не айтады?”- деп қарап еді,
Шешесі пәлен-түген дей алмады.

Керуенге қолбала боп кетті жүріп,
Бар екен неше түрлі епті жігіт.
“Хамзаның қалап алған баласы” деп,
Іш тартып қайсы болсын кетті жібіп.

Баянтау артта қалды қарай- қарай,
Шығыстан көтеріліп алтын арай.
Күн қызып ат-түйелі үлкен керуен
Көзінен бір-бір ұшты салқын сарай.

Тастақ жол бұйрат-бұйрат адырлы алап,
Шалқалап көк аспанға жатқан қарап.
Жыландай ирелендеп шұбырған шаң,
Білінбей атырапқа жатыр тарап.

Жегілген тарантасқа пар-пар түйе
“Айт-шулеп” делбе ұстаған бір-бір ие.
Мосыға¹ шәугім іліп, шай қайнатып,
Қазанын орап салған күйе-күйе.

Шолғыншы алды-артында салт аттылар,
Өңшең ер сайыпқыран солдат қылар.
Қонатын, түстенетін жер белгілеп,
Хамзаға ақыл қосқан салмақтылар.

Жол соққан таңды таңға, күнді-күнге
Салқынмен жүріс өніп айлы түнде.
Хиссасын “Фархат-Шырын” айтса бір шал,
Құлағын тосқан Мәшһүр жәйлі үнге.

Келеді бір көлікте Мәшһүр жалғыз,
Қолбала ақы-пұлсыз ешбір жолсыз.
Білмейді қайда барып, не боларын,
Алдында тосып қандай жатыр жар-құз.

Хисашы шалға елігіп ауық-ауық,
Құрғандай жол бойына ойын-сауық.
Жаттаған хисса-дастан, өлең-жырын,
Қалдырмай айтып келед ойлап тауып.

Жер көрді нешетүрлі ұлан-ғайыр,
Ел көрді киген аппақ қалпақты айыр.
Тепендеп есек мініп типың-типың,
Жүк артып сауда -саттық қылған зайыр.

¹. Отқа шөй қайнату үшін, шөйнекті іліп қоюға арналған үш сирақты құрал

Ай жүріп Түркістанға келді таяп,
Бұл жақта салқын-самал, некен-саяқ.
Ыстықта арық қазып, кетпен соққан,
Таңырқап қарайд Мәшһүр елді аяп.

Қарбалас тыпыр-тыпыр сабылған жан,
Еңбекпен ертеңгі-кеш табылған нан.
Майысқан алма, өрік, жүзім, шие,
Әр үйдің ауласында бағылғаннан.

Қысы жоқ азынайтын, боздайтұғын,
Үстіңнен тыс киімнің тозбайтұғын.
-“Жерұйық” осы ма екен?- дейді Мәшһүр,
Жылына қойы екі қоздайтұғын.

Жөнелді керуен алды көше бойлап,
Көңілін сәулелеткен кеше ойлап.
Абалап ит жүгірген, бала-шаға,
Жарысқан, тырақайлап көшеде ойнап.

Тоқтады барлық керуен ошарыла,
Тең-тең жүк түсірілді қотарыла.
Қарсы алып қайнап кетті қаптаған ел,
Келгендей қала халқы қопарыла.

Тұратын құлақтас боп елді мекен,
Хабарын керуеннің білді ме екен.
Арқадан келген затты бөліп алар,
Бөрі де алып-сатар делдал бекем.

Жалғасып кетті солай керуен жайы,
Саудасыз ас болмай ел ішкен шайы.
Келіпті Бұхарадан төрт-бес мырза,
Ұстаған мешіт салып үлкен байы.

Біреуі “Көкілташтың” иесі екен,
Түсімнің төрттен бірі тиесі екен.
Арқадан зекет малын алдыртқызған,
Қалпенің қасиетті киесі екен.

Күн- жұма, ертеңіне, болды намаз,
Ахмет Яссауиге келмеген аз.
Құтпа оқып михрептен үлкен халпе,
Насихат шарифаттан айтты сабаз.

Жамағат жайнамазда сөзді тиып,
Сілтідей қалған тынып, сүттей ұйып.
Алладан иман сұрап егіледі,
Жолында хақ пайғамбар жанын қиып.

Өткізді көз алдынан бала Мәшһүр,
Берілген дін жолына талай жас жүр.
Мүлгіген, тамылжыған бір момын ел,
Тараған мұсылмандық жақсы дәстүр.

Кесене хан салдырған Ақсақ Темір,
Көк күмбез, өрнекті ірге асқақ сеңгір.
Көз тартқан салауат сөз кенересі,
Оюмен нақышталған теңбіл-теңбіл.

Бойыңды сезім билеп шымырлатқан,
Қыш кірпіш бояулы бет шыны жапқан.
Тор көзді жез шілтерлі терезе, есік,
Кестелеп босағасын шынжырлатқан.

Шыңырау зәмзәм құдық ішіндегі,
Тас қиған дөп-дөңгелек пішіндегі.
Қандырған мейірімін шәрбат татып,
Жандардың жыл он екі ай ішіндегі.

Тұтқалы шығыршықты тай қазаны,
Қорытпа құйма шойын бай базалы.
Бедерлеп Шығыс сәулет үлгісімен,
Жасалған қоспа қымбат бар қазаны.

Айтқанмен тіл жетпейді құрылымын,
Төгіп түр әсем бояу, құйып нұрын.
Сөзі де, ісі де артық, ақылы асқақ,
Жаралған күдіреттің құлы бұрын.

Салыпты дәл қасынан Шығыс монша,
Сыртынан көрінбейді ерекше онша.
Төбе жоқ, жалпақ жапқан, мөтке, тіреу,
Жасалған не керектің бәрі сонша.

Күмбезді бөлек-бөлек құжыралар,
Пендеден қатреңдеп¹ құзыр² қалар.
Таза су тайқазанда тұрған қайнап,
Белгісіз қай жерінен қызуды алар.

¹ Әбден шариғат жолымен тазару.

² Кемдік, кемшілік, намазға жарамау.

Терлейтін, шомылатын, демалатын,
Жерлері басқа-басқа ем табатын.
Жәйлі орын, құрғақ ауа, ашық сәуле,
Шығыстың моншасы деп таңданатын.

Қойылған жоғарыдан терезесі,
Шөліркеп кеппейді ешкім кенезесі.
Жазылған шариғаттың жолыменен,
Моншаға түсу тәртіп-ережесі.

Апырай кім салды екен ақыл зерек,
Ғажайып жан көрмеген заты да ерек.
Жырлауға әлемдік сыр кереметін,
Низами, Фердаусидей ақын керек,-

Деп Жүсіп, кім болса да ісі мықты,
Шығыстық үлгі-өрнектің түсін ұқты.
Дәрет ап тақуалар жөніменен,
Моншаға рахаттанып түсіп шықты.

Күн - сенбі, ертеңіне шықты жолға,
Кез болып бір беделді мықты қолға.
Бала қып алам деді керуен басы,
Бас изеп, қасындағы ұқты молда.

Сарт, ноғай, өзбек, қазақ араласқан,
Жөнелді алды-артына қарамастан.
Бет түзеп Бұхараға кетті жүріп,
Бұрынғы тамыр-таныс тарамастан.

Артқаны жүн мен тері, құрт-ірімшік,
Бір қап жүн қантқа алынған бір жіліншік.
Кездеме, шөй мен сабын, айна, тарақ,
Сыртқы елден, Сарыарқада құр тіршілік.

Ас тұзы алтынмен тең оңтүстікке,
Сарыарқа сонда қалай, кем түстік пе?
Көкөніс жеміс-жидек демесеңіз,
Бал қаймақ, сар қымызды тең іштік пе?

Жүсіптің бөрі ішінде сайрайды анық,
Мән беріп, әр нәрсеге қарай қалып.
Жүргені Сары арқамен салыстырып,
Бір көргенін қайтара талмай танып.

Күн шыжып, керуен тоқтап толастаған,
Шаршы түс, таратылды жол-ас, тағам.
Бір жылпос сүлік қара тамақ тасып,
- Әй, бала, бері кел, - деді, - жұмыс саған.

Жамырап хан базардай, у-шу басын,
Көрсетіп кесе толы құйған асын.
- Апар да Халифаның¹ қолына бер,
Шөлдеген шығар бәлкім сусындасын.

- Деді де көлегейлеп жасқай берді,
Ыдыстың бетін жауып, ашпай берді.
Алды да қалтасынан бірдеңені,
Кесеге лып еткізіп тастай берді.

¹ (Арабша- мұрагер, орынбасар) Діни басшы.
Шариғаттың дұрыс орындалуын қадағалаушы.

Аландап жан-жағына жалтандады,
Маңында көріп тұрған жан қалмады.
Тіксініп, сезіктеніп қалды Мәшһүр,
Жасқанып “мұның не?” деп айта алмады.

Халифа отыр еді шатырында,
Қандай сыр мен білмейтін жатыр мұнда.
Деуменен ойлай-ойлай қауіп-қатер,
Бұл істі айтып салды ақырында.

- Бар еді, тақсыр, Сізге айтар датым,
Балаңмын, атым Жүсіп, қазақ затым.
“Ит ішкір!” деп қалып ем, шайқалған соң,
Ішпеңіз, жетеді ғой қаражатың.

Әкелмек болып барды басқа сусын,
Аспазшы деді:- әй, бала, асқан құсың,
Мен қазір келемін деп кетті зытып,
Ақталып өз кінәсін қайдан жусын.

Аспазшы жоқ екен деп келді қайтып,
Бұл істі бастан-яқ берді айтып.
- Бағана итке құйған сусын астан,
Маң төбет өліп қалған-деді қайтіп?

Халифа жайлап сұрап білді бөрін,
Аспазшы салып берген улы зәрін.
Қолыма түспеді-ау деп қатты өкінді,
Бұл қайдан алды екен деп уды зәлім.

Іздетті олай-бұлай, ел дүрлікті,
- Сақтаңдар, салқаулықтан ер бірлікті.
Раббана лә тәжғалнә мағал-қауми-з
Залимина¹- деп жанға бер тірлікті.

Күшейді жол бойында қырағылық,
Халфені көргендері құрақ ұрып.
Кезіне түнгі тыныс қойды күзет,
Бақылау төрт жігіттен тұрақ құрып.

Көбейіп жол торыған қарақшылар,
Әзәзіл елді кезген алдамшылар.
Жүрісін керуеннің қиындатты,
Жолдағы тексеруші, сарапшылар.

Бәріне оңай олжа пайда керек,
Бірінен-бірі тауып айланы ерек.
Шығарад бір тиынды бес тиын ғып,
Табады бір сылтауды болса дерек.

Жолығып айлы түннің талайына,
Шомылып алтын күннің арайына.
Әйтеуір жаманатқа ұшырамай,
Ілікті Самарқанның сарайына.

Кідіріп бір-екі-үш күн аялдады,
Қанатын сауда-саттық жая алмады.
Аз екен сырттан келген құнды бұйым.
Алуға кейін арзан даярлады.

¹ Құран - көрім, Аграф (бөгеттер) сүресінің 47 аяты

Мұнда да діни оқу екен жақсы,
Алайда шарықтап тұр тым ақысы.
Шамандық салт-дәстүрден арылмаған,
Қайнап жүр көшесінде балгер-бақсы.

Бастары дағарадай аппақ сәлде,
Қожа, Молда, Ишан ба, бақсы ма әлде.
Бір ауыз сөз сөйлемейд дұға қылмай,
Дастарқаны тым мол ел жақсы қалде.

Сәулетті ғимараттар неше алуан,
Секілді сын-сипаты кеше салған.
Адымдап табалдырық аттағанда,
Қоңыр леп салқын-самал еседі алдан.

Мешітке сәлем беріп кірді Мәшһүр,
Екі рақат намаз оқу дәстүр.
Өтеліп мұсылмандық парызынан,
Ішінде діндарлардың болды жас гүл.

Халифа осында еді мәжілісте,
Дін исләм дәуірлеген қазіргі істе.
Имамның шариғатын кезек жалғап,
Сөйлейді ақсақалдар жасап кесте.

Үлкендер байырлатып сөз аяғын,
Жастарға тастай берді өз таяғын.
Талапкер бірі шығып сөйлейді екен,
Мұхаммед хадисіне кез саятын.

Бұл жолы қалды жастар тұйықталып,
Барады сөз жетім боп қиықталып.
Халифа:- Яссауиден сөйле,- деді,
Мәшһүрге қарады да миық¹ қағып.

Жат орта, бөтен жандар, басқа-басқа,
Реті жоқ мәжілісті қолдамасқа.
Қамшы боп Халифаның қас-қабағы,
Жүсіпті етті нұсқа барлық жасқа.

Сөйледі Қожахмет Яссауиден,
Жырларын жүрегіне жастай түйген.
Кім білді Самарқанда сайрайтынын,
Сапарға бисмилла айтып шыққанда үйден.

Адамның бір Аллаға аян ісін,
Пенденің пейілінің саяз тұсын.
Өткізер ит тартыста қырқыстырып,
Қашан да дүниенің баянсызын.

Алланың ақ жолына адалдықты,
Ынсапты хақ мұсылман халал ұқты.
Періштедей сипатта таза тұрып,
Ақыл көміл болғанда адам мықты.

Жалынып жаратқанды сүйетін де,
Сәжда қып басын жерге иетін де.
Азбауы дүниенің ақырында,
Адамның пиғылы мен ниетінде.

¹ Жымию, ымдау, белгі беру

Дегенде, “жетті”- деді Халифа ата,
Мешіттің бас имамы беріп бата.
Әр тілді, “гу-гу” етіп отырғандар,
Саудагер десті жүрген пұлын сата.

Халифа екінші рет болды риза,
- Көп жаса, айналайын, Жүсіп мырза,-
Деп қарап ықыласпен салды көзін,
Жігіттің ақ алмасы тірі тұрса.

Көңілін билеп алды Жүсіп солай,
Жүрген жоқ шай-суанын ішіп оңай.
Билеуші кісілердің қас-қабағын,
Бағумен жол-жөнекей тауып қолай.

Алдымен қолбала боп сенімге енді,
Халифа ұнатпаушы ед шегінгенді.
Көретін ит етіндей сұғанақ пен,
Ынсапсыз жатып ішіп семіргенді.

Жол тауып, адал еңбек сауда-саттық,
Базарлап Самарқанда апта жатып.
Алтау аз аларманға қашан болсын,
Бесеу көп берерменге дауға батып.

Бет алып кірекештер Бұхар тартты,
Қап-қап жүн, тері-терсек, жеміс артты.
Ақ күріш, қызыл бидай, қара тары,
Тиеген бір көлікке шай мен қантты.

Ырбадан¹ төрт доңғалақ жарандікті²,
Көк арба көсем салған жәрам жүкті.
Алдында әрбір лектің жол бастаған,
Салт атты шолғыншылар және мықты.

Аптада жетті керуен Бұхараға,
Бұрын келіп көрмеген бұл араға.
Жүсіпке бәрі ғажап, бәрі таңсық,
Қарайды биік-биік мұнараға.

Көк күмбез аспан түстес төңкерілген,
Күн күмбез сары алтынмен көмкерілген.
Секілді кемпірқосақ маңдайшалар,
Өрнектеп босағаға өң берілген.

Тас көше қызыл қыштан таңдайлаған,
Теп-тегіс жүруге оңды таймай табан.
Ойлайды көрген сайын бір ғажабын,
Бұхарды салды екен деп қандай маман.

Күн сайын көре-көре көзі қанды,
Жадында жақсылардың сөзі қалды.
Естіген, оқығанын бірдей жаттап,
Атқызды талай қабат сары таңды.

Халифа беріп еді “Көкілташқа”,
“Көкілташ” ылайық деп сондай жасқа.
Жүз алпыс құжыраның біреуінде,
Үйреніп төрт жыл оқып білді басқа.

¹ Арбаның ауыр жүкке арналған жеңіл түрі.


² Жүк көтергіш, жалғастырушы арқалық.

Мәшһүрде қалу бар ма білмей сабақ,
Бойында ондай мінез мүлде жоқ-ақ.
Құранның мағынасын зерделейді,
Кітапты араб, парсы көңіл қалап...

Уахит о да келді бір жыл кейін,
Хабарсыз жүруші еді оған дейін,
Шыдады бір жылына әрең, зорға,
Ауырлап күннен-күнге жетпей зейін.

Ел көшіп келгеніндей қуанып ед,
Төл жолдас тапқанындай уанып ед.
Уахит келер күзде елге қайтты,
Маған да бір өлмес күн туады деп.

Көңілі алабұртты екі-үш күндей,
Томсарып жалғызсырап ешбір күлмей.
Кеткенін Уахиттың ауырлады,
Жамылған боз тұманды кешкі түндей.



Бұхара. “Көкілташ” медресесі

Кірген соң ғылым-білім қызығына,
Қараңыз бұл Мәшһүрдің ісін мына.
Кетіп жүр ұстазынан бұрын сөйлеп,
Кітаптың көз салмай-ақ сызығына.

Әкелген “Көкілташқа” Құдай айдап,
Білімге құштарлықтан оттай жайнап.
Барады бойын билеп ғылым күші,
Кеудеде шойын қазан құрттай қайнап.

Төрт жылдай Бұхараның татты дәмін.
Дін исләм ғылымының ашып мәнін.
Сауалға қайда болсын ақтан тиіп,
Алашқа аты-жөнін етті мәлім.

Үйіне Халифаның бауыр басып,
Ниеті дұрыстармен қауымдасып.
Өткенін үш-төрт жылдың білмей қалды,
Болмады қайтсам-ау деп ауылға асық.

- Сәл тоқта, осы жерді байытуыңа,
Соқпай-ақ елге оралып қайтуыңа.
Өмірі Бұхардағы бір-бір кітап,
Бауырым, жөні кеп тұр айтуыма,-

Деп Нағи Ахметов қозған ағай,
Көзде жас, қолда қобыз боздағандай.
Күндерді бастан кешкен басып өтті,
Қайғының қара тауын қозғағандай.

Кірген соң ғылым-білім қызығына,
Қараңыз бұл Мәшһүрдің ісін мына.
Кетіп жүр ұстазынан бұрын сөйлеп,
Кітаптың көз салмай-ақ сызығына.

Әкелген “Көкілташқа” Құдай айдап,
Білімге құштарлықтан оттай жайнап.
Барады бойын билеп ғылым күші,
Кеудеде шойын қазан құрттай қайнап.

Төрт жылдай Бұхараның татты дәмін.
Дін исләм ғылымының ашып мөнін.
Сауалға қайда болсын ақтан тиіп,
Алашқа аты-жөнін етті мәлім.

Үйіне Халифаның бауыр басып,
Ниеті дұрыстармен қауымдасып.
Өткенін үш-төрт жылдың білмей қалды,
Болмады қайтсам-ау деп ауылға асық.

- Сәл тоқта, осы жерді байытуыңа,
Соқпай-ақ елге оралып қайтуыңа.
Өмірі Бұхардағы бір-бір кітап,
Бауырым, жөні кеп түр айтуыма,-

Деп Нағи Ахметов қозған ағай,
Көзде жас, қолда қобыз боздағандай.
Күндерді бастан кешкен басып өтті,
Қайғының қара тауын қозғағандай.

KAÇIPET



ҚАСІРЕТ

-Сеземін, Нағи аға, назаңызды,
Алмайын сұрай беріп мазаңызды.
Әкеңіз бай болыпты Мәшһүрмен дос,
Беруші ед білсе үкімет жазаңызды.

- Айтайын мұның бәрін әуел бастан,
Әкеміз жан емес ед аузын ашқан.
Дүние келсін, кетсін сабыры мол,
Жоқ еді бір жанменен жауыздасқан.

Қыздардың тақиясын ала қашқан,
Өсіп ем ерке болып бала жастан.
Пұшпағы қанамаған Мінсіз шешем,
Бала қып бауырына мені басқан.

Әкеміз момын болған елге жәйлі,
Мәшекең жақсы көрген ондай байды.
Соғымсыз отырмыз деп келген жанға,
Беріпті еміп жүрген қысыр тайды.

Жеріміз Орташілік-атамекен,
Көргенде жанға жаман батады екен.
Басшілік, Аяқшілік жүрген жерім,
Әкемнің жанына кеп жата ма екем.

Үлкен ед Басшілікте менен Мерген,
Не болдық бір еркеге бір ерке ерген.
Қолына таласып кеп су құюшы ек,
Батасын талай қабат бізге берген.

Құдасы Басшілікте Ысқақ-Тапақ,
“Тапақ” деп жеңгелері кеткен атап.
Ақ Зейнеп соның қызы Мәшекеңнің,
Ең үлкен келіні боп шыққан атақ.

Басшілік жиын ауыл күнде думан,
Қызойнақ, шілдехана- бала туған.
Ақбала, Ақзейнептей қыздары бар,
Мәжіра Күлдәрімен белін буған.

Епбайда үш қыз болған бәрі сұлу,
Күн қайда би қызына тұзақ құру.
Қыздары Әшірбектің тәрбиелі,
Оларда жоқ сөйлесіп ұзақ тұру.

Мәшекең қозғандармен үйір-шүйір,
Көңілдес, құда-жекжат бұрған бүйір.
Дос болған Исабекпен Қарағашта,
Нанды да бөліп жердей жалғыз түйір.

Артық қой Мәшекеңнің алапаты,
Жатады орындалып аманаты.
Үш ата бұл қозғанның дұрыстығы,
Қат-қабат Молдаекеннің шарапаты.

Алдымен айтқан тілін әкем алды,
Жинақтап алдындағы барлық малды.
Кем-кетік ағайынға бөліп беріп,
Біздің үй төркілеуден аман қалды.

Болған жоқ Мәшекеңнің жат қылығы,
Көп еді елге қылған жақсылығы.
Өнерге, ғылым-білім насихаттап,
Үлгілі іс, өнегелі басшылығы.

Ескеріп еленбей ел بازیнасы,
Тарихи халқымыздың қазынасы.
Қорында Академия тұнып жатыр,
Жиырма бес том боларлық қолжазбасы.

Ашуға бір мұражай еркім кетіп,
Бес бардым министрге -Еркімбеков.
Тік шапшып, маңайына жолатпайды,
Партия жіберген соң еркіндетіп.

Ақыры Қайырбаев қолдау жасап,
Шешім ап облыста талдауға сап.
Отырмын жұмысымды тиянақтап,
Қуанып, орындалып алған мақсат.

Бір сөз бар Мәшекеңнен қалған дерек,
Болмайды ел аузына қойып елек.
Білемін деген жанға мені зерттеп,
Жасындай Нұх пайғамбар ғұмыр керек.

Шыдамды Аюпдайын төзімі ерек,
Дұшпанның ауырламас сөзін елеп.
Депті ғой кемеңгер ой болса азамат,
Жаралған Аплатондай зейін керек.

Кітабы шықпады деп налып жүрміз,
Ертең-ақ оқыр қолға алып ұл-қыз.
Мәшһүрді айтып тауысу мүмкін емес,
Абайдан кейін туған жарық жұлдыз.

Заманның көп болды ғой наласы да,
Жабысқан жұқпалы ауру жаласы да.
Өзге ұлтта тап мынадай қасірет жоқ,
Аққұла сорлы қазақ баласында.

Айтайық оқиғасын түйін-түйін,
Білдік қой ол күндердің көңіл-күйін.
Кәнекей, білгендерің айтындаршы,
Кім бұзды басындағы зират үйін.

Кілт тоқтап түнерді жұрт тілсіз мұндап,
Отыр ед жас Сүйіндік үнсіз тыңдап.
Нағана жалт қараған белгі беріп,
Көрсетті Байділдинді көзбен ымдап.

- Секен ғой сенің атың әй, шырағым,
Көңілде жүрген күпті бар сұрағым.
Қабірін Мәшекеңнің талқандаған,
Жағдайын айтшы, естісін өз құлағым.

Кідірді Секен біраз кібіртіктеп,
Сөздерін шашыратып, ірімтіктеп.
Салмақтап сәлден кейін сөйлеп кетті,
Алды да айтар ой мен сырын жіктеп.

- Ол күнді Сіз сұрама, мен айтпайын,
Жүдетіп жүректерді мұңайтпайын.
Айтқанды бастан-аяқ еске түсед,
Қалтырап жаным шошып ұнатпаймын.

Колхозда хатшысы едім комсомолдың,
Білмеймін аз ба, көп пе, қанша болдым.
Құлақтан дамыл кетті, мазаны алды,
Елінде үрей қалмай “Жаңажолдың”.

Жиналыс, ауыл үсті күнде жиын,
Ашытқан үгіт айтып, елдің миын.
Моласын Мәшһүр молда қират деген,
Бір өкіл бір өкілден болды қиын.

Көбейіп ыбыр-сыбыр ел ішінде,
Келмеді ақсақалдар келісімге.
Бәрі де бір ауыздан қарсы шықты,
Бұл істің куәгер боп терісіне.

Зәресі ұшып үлкен бәйбішелер,
Ас батпай әңгімені жәйіп шебер.
Оянды шырт ұйқыдан шошып түнде,
Дозақта болдық па деп айып шегер.

Біреуді біреу қысып қудалаған,
Көп қаулы, құлаш-құлаш дудалаған.
Басталып бұл мәселе Москвадан,
Талайды тірі жүндеп шудалаған.

Алматы ала қашып “атойлаған”,
Жандарды таппақ болып жат ойлаған,
Тербетіп көрде жатқан аруақтарды.
Тіріні қаламдамай хат қоймаған.

Қол қойып Шойынбаев, Айдарова,
Бас иіп “Правданың” айбарына.
Қазақтың ғалымдарын қарахаттап,
Сын жазды қожа, молда, байларына.

Көрініп жан мұрынның тұрды ұшында,
Деген соң кім шыдасын бұл қысымға.
“Тарихы Қазақстан баяндалсын,
Ғылыми марксизм тұрғысында”.

Бірінші хатшы Макин аудандағы,
Бұл жұмыс тиді қатты жаудан дағы.
Ойланды, көп толғанды, жол таппады,
Обкомда құтыла алмай даудан тағы.

Қоңырау келе берді үсті-үстіне,
Макиннің кім түсінді ішкі ісіне...
Баянға қара бұлттай қаһар төнді,
Құғын сап Сәтбаевтай күштісіне.

КГБ бұл жұмысты алды қолға,
Бір-ақ түн отырғызар темір торға.
Сыбырлап салпаң құлақ тыңшылары,
Батырған жазықсызды қалың сорға.

Малаев - начальнигі КГБ-нің,
Бейнесі көз алдымда күні бүгін.
Қасында Ақошев бар, үш-төрт адам,
Шығарып бүйідейін келді түгін.

“Іс болсын тыңғылықты бізге лайық,
Моллаға ел жүрегін мұз қылайық.
Аудандық комитеттің қаулысы, - деп,
Моласын Мәшһүр - Жүсіп бұздырайық”.

Жол бойы келе жатып ақылдасты,
Осы жөн болады деп мақұлдасты.
Қақ жарған қара қылды ғәділсініп,
Ойлары бір-біріне жақындасты.

Кеңсеге тұра қалды тура келіп,
“Моланы бұзыңдар” деп бұйрық беріп.
Жиналды ақсақалдар құлақтанып,
Біріне-бірі ақыл сап, болып серік.

“Ленин” орденді ұстаз Фазыл аға,
Түр еді келгендердің аузын баға.
Қорғалап, қол көтеріп сөз сұрады,
Көнбек боп қолданса да қандай жаза.

- Белгілі менің әкем Мәшһүр - Жүсіп,
Жасынан білгірлікпен көзге түсіп.
Халқына қызмет қып өткен адам,
Жоқтық пен кедейліктің уын ішіп.

Әкемнің елге ауған ес-елесі,
Мола емес, басындағы кесенесі.
Салдырған тірлігінде өз қолынан,
Белгілі кімге болсын бесенесі.

Үй мүлкі, кітапхана, ыдыс-аяқ,
Жері жоқ ел-жұртынан қалған аяп.
Бүгінде жалған жала қиын боп тұр,
Біреуден тартып бір зат алғандай-ақ.

Аллажар басып күбір, айғай-шуды,
- Бұзбайық,- деді бастан ағар суды.
Молдалық құрып елді сорған емес,
Мәшекең - білсек ұлы ағартушы!

Малаев: “Тоқтат!” - деді қатқыл үнмен,-
Батырып жіберерміз батқан күнмен.
Бірің де исін сезіп тұрған жоқсың,
Мәшһүрге партиялық қойған міннен.

Халыққа сол арада тұрған барлық,
“Мін” - деген машинаға болды жарлық.
Суылдап күздің суық қара желі,
Жіберді жалпақ жердің үстін тар ғып.

Қозғалды қорғасын бұлт терістіктен,
Домалап қаңбақ жосып, тегістікпен.
Беттетпей елдің бетін “Ескелдіге”,
Жел көңіл зар илеген кемістікпен.

Тұр қара Ескелдінің биігінде,
Мәшһүрдің болды бөгет үйі кімге.
Қолданған сталиндік бұл саясат,
Айналды жүректердің күйігіне.



*Ақзейнеп
Ысқаққызы
1888-1984 жж
Мәшһүр Жүсіп
Көпеевтің
үлкен келіні*

Көл болып Зейнеп апа еңіреді,
Сел болып көздің жасы төгіледі.
- Оңбайды кім болса да қастық қылған,
Әтиім адамзатта тегін бе еді? -

Деп жылап Ескелдіге көзін салған,
Қажытты-ау қайғыменен мына жалған.
Айналдым аруағыңнан - Әтиім-ау,
Бізде енді не тірлік бар мұнан қалған.

Жау шығып қапылыста қалтарыстан,
Қалайша аяқ асты қалды арыстан.
Зейнеп жүр ыза буып, іші күйіп,
Далада суық желмен арпалысқан.

Біреуге біреу кіріп, шыға алмады,
Мән-жөйін оқиғаның ұға алмады.
Бұзуға Мәшһүр үйін келушілер,
Бата алмай қалмағандай түк амалы.

Аудан боп келсе де ел қопарылып,
Қорғалап тұрып қалды ошарылып.
Сырдақтап сылтау іздеп жалтақтайды,
Әрқайсы айла-амалды қоса құрып.

Қолына кім болса да алмай сүймен,
Жай таппай жалтарарлық жаны күйген.
- Тез, тез!-деп “Көне, көне!” қысталаумен,
Амалсыз мүліктерін шығарды үйден.

Жанайдар құран оқып қылды дұға,
Тәштідің айтқан сөзін қалды да ұға.
“Есік пен әйнектерін бекітсек...”- деп,
Айтайық, өлеміз бе бұға, бұға!”

Жөкеңнен сөз қалған ба жетім-жесір,
Малаев “Болмай!”- деді, қандай кесір.
Тұра ма бір қалыпта мына жалған,
Ертең-ақ өкіндіріп шығар есі.

Төр үйден кітапты алып құшақ-құшақ,
Тиеді машинаға қысап-қысап.
Күйынды дауылменен ұшып жатыр,
Жыртылған парақтары ұсақ-ұсақ.

Қап-қара өрнектелген шынылы ышқап,
Ғылыми кітаптарға болып ұшпақ.
Мәшһүрдің бір жасасқан көрі досы,
Көзге ыстық көрінеді өзі құсап.

Тиелді машинаның қорабына,
Кейідік жүк артқандар олағына.
Саудырап күлпаршасы шығып қапты,
Жеткенше Фазаң үйі торабына.

Нұрила жеңгей жылап, айғай салды,
- А, Құдай, көрсеттің бе, мұндай халді.
Жұртым-ау, бұларың не жаудан жаман,
Қиратып, тас-талқан ғып мұкамалды.

- Құдай- ау, өзіңе аян ақ екенім,
Сеземін қастандықтың нақ екенін.
Халқының қалін ойлап, қамын жеген,
Бар еді, не жазығы ағакемнің? -

Деп жылап, суық күнде бүрсендемей,
Қағылған қара жерге тұр шегедей.
Дал-дүл боп қара дауыл ұшып желге,
Тау-теңіз жатты кітап бір шөмелей.

Ауылға жіберген соң артып жүкті,
Жігіттер қарсылық қып тартты жікті.
“Бұл үйді бұзса-бұзсын туыстары,
Қол сұғу біздер үшін артық, тіпті”, -

Деп біраз тұрып қалды иіріліп,
Үйірім қара судай үйіріліп.
- Бұ қайсы іріткі салып тұрған?-деді,
Акошев оқ жыландай шиырылып.

Малаев тұрған алыс жақындады,
Тағы да бір-екеуі тақымдады.
“Соғысқан өлілермен адамзаттың,
Мұндай да болады екен ақымағы”, -

Деп Ташти сырт айналып “уһіледі”,
Жұмаділ бастық еді: “Түһ”- деді.
Деді де “Не тұрыс бар?” қайланы алды,
Бір ерлік көрсеткісі келді тегі.

Жіберді босағаны салып-салып,
Құлады кірпіштері жалып-жалып.
Ырсылдап дем біткенде екі-үш жігіт,
Тастады жақтауларын алып-алып.

Аллажар Омекеңмен қосып пікір,
Жәкеңе сауал қойды тосып зікір.
Жаңалап Мөшекеңнің ақіретін,
Мүрдені жапқанына қылды шүкір.

Ашқызды үй төбесін содан кейін,
Дәретсіз жан жолатпай оған дейін.
Көрместей Құдай жүзін қылық қылды,
Амал не болғаннан соң қоғам бейім.

- Құрметті майор жолдас, айтар тілек:
Бұзайық әйнектерге дейін тіреп.
Төрт құлақ қалдырайық зират қылып,
Тым ауыр таста деген орнын күре,-

Деп Фазыл арыз айтып шақты мұңын,
Естуге бір жылы сөз - ақтық үнін.
Төрт “төре” тілек бермей қасарысты,
Түсіріп адамдықтың нақты құнын.

Партия ұясының колхоздағы,
Ықпалын көрсетпек боп Қазкен тағы.
Бастауыш ұйымның да қаулысы сол,
Күн қысқа, тездетіндер-сөздің ағы.

- Қалдыр, - деп жер бетінен қарыстайын,
Атылды қамыстағы барыстайын.
Жұмаділ жеке билік әкетеді,
Дегендей болды мен де қалыспайын.


Бұрқырап қара дауыл күн батқанша,
Зіркілдеп бұйрық беру қымбат қанша.
Қажытты жігіттерді сүймен соғу,
Ташболат қабырғаны құлатқанша.

Кіндіктен әсте төмен ете алмады,
Бірінен-бірі қорқып кете алмады.
Күн батып, қас қарайып, көз байланып,
Малаев мақсатына жете алмады.

Ішінде болдық бірге, көрдік көзбен,
Өсіріп отырғам жоқ өрлік сөзбен.
Бұл өзі қасіреті мол хикая,
Ұрпағы Мөшекеңнің көніп төзген.

Ойласам ол уақытта жас екенмін,
Төкеңе, білмеппін ғой, паш екенін.
Бұл Төкең - Шарафидің тұңғыш ұлы,
Ең үлкен немересі Мөшекеңнің.

Күншілдік кеткен емес еш қаусатпай,
Бірлікті өткен емес кеш қаузатпай.
Төкеңнің аузы сараң айтпайды ғой,
Әйтпесе, бәрі өзіне бес саусақтай.



Ескелдідегі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің зираты.

ЗАРДАП

Жаз шығып жадырады көктем келіп,
Өргізген Құралайын көптеп елік.
Бұйыртып астың алдын үлкендерге,
Туғызған уыз қымыз өктем желік.

Бір жеңіл машина кеп тоқтай қалды,
Отыр ед Төкең күтіп кемпір-шалды.
- Ғанами, а Ғанами, Нағи келді,-
Деп қатты қуанғаннан айғай салды.

Есіктен кіре Нағи үш-ақ басып,
Төкеңді сүйіп жатыр құшақтасып.
Табысқан тел құлындай енесіне,
Сұрасты амандықты шұрқырасып.

Саудырап ақсақалдар сәлемдесіп,
Біріне-бірі айтып, “пәлен” десіп.
“Жол болсын!” десіп жатты ықыласпен,
Мазмұнын кей сөзінің әрең шешіп.

- Төкеңе жалғыз ғана жайып құшақ...
Көңілде өкпеміз бар шайып жусақ.
Болғанда Төкең - жиен, мен-қарындас,
Аты бір атамыздың түбін қусақ.

Ғанами деп байқатып әзілді рең,
- Ағаның артық туған қазір бірі ең.
“Жиен - ел болмайд” деген бар емес пе,
Тілегі қарындастың артық білем.

Сөзі ғой жарасып түр бұрынғының.
Әкең - ақын, жыршы еді-Қапу ағай,
Бар екен соған тартқан алғырлығың.

Ду күліп кәукелесіп жатыр бір лек,
Ас ішіп дұға оқылып отырған ед.
Шошай шал қайта-қайта желпінеді,
Алматыдан келгенді қатырды деп.

- Ал, Нағи, не бітірдің, не тындырдың,
Айтшы, кімді қираттың, не сындырдың?
Біліп кетсін отырған мына қауым,
Таптың ба ұшын, не шынжыр, не шылбырдың?

- Төке, сондай ұшқыр-ау көңіл құсың,
Бұл үкімет таптырмайд жіптің ұшын.
Бес ескерткіш жасатып алып келдім,
Өзірше айтып берейін осы тұсын.

Үш жүзде үлгі айтқан Абылайға,
Белгісіз Бұқар жырау басы қайда.
Тот баспас жарқыраған айна темір,
Жаздырып қойып келдім Жасыбайға.

Мәшекең жаралған жан елден ерек,
Енді ертең ескерткішін қою керек.
Әпжалап, Үкібай би туралы да...
Кім болсын Мәшекеңнен алған дерек.



*Нағи Ахметов
1912-1985 жж
соғыс ардагері,
Мәшһүр Жүсіп
Көпеевтің еңбектерін
жинаушы,
мұражайды
ұйымдастырушы*

- Көп жаса, тілегінді берсін Құдай,
Жолың боп, әрқашан да бұдан былай.
Молланың айтып кейбір кереметін,
Тарасты ақсақалдар жылай-жылай.

Салықбай Әбілқасов ерте келген,
Бірге жүр төрт-бес жігіт соңына ерген.
Келем деп барлық құрал-жабдықпенен,
Нағаңа бұлтармастай сенім берген.

Қуанды келгеніне Салықбайдың,
Жұғыпты іскерлігі Балықбайдың.
Бір адам айналайын, кішіпейіл,
Қысы-жаз шабуылдан жалықпайтын.

- Көрінді, Нағи, сенің артықтығың,-
Деп, Төкең бір өзілге басты мығым.
Салықбай, Жаңбырбайлар осал жан ба,
Жақсыдан жетіп тұр ғой қалса жұғын.

Болғаным менің жаман нағашымнан,
Болмағы үйдің жақсы - ағашынан.
Болуы азаматтың жақсы, жаман,
Елінің танылады бағасынан.

- Кетпейсіз Сіз де ұзап соғып, тоған,
Дәлел көп тапжылдырмас айтар оған.
Назары күшті деуші ед жиендердің,
Болсын деп аруақ риза қорқам содан.

Жиен де нағашыны жоқтамайды,
Жеп кетсе, алып кетсе ақтамайды.
Шыңғыс ұлы Шоқанды қоспайықшы,
Жиенді кім болса да мақтамайды.

“Салықбай” деп жымыып қойды күліп,
Шымырлап ащы мысқыл бойды тіліп.
Әзілдің шақпақ отын жарқылдатып,
Әкетті қыран көңіл ойды іліп.

- Бола ма жиен жақсы сыйлық көрмей,
Нағашы құрт- майын ап іздеп келмей.
Тиесі шарифатта қырық серкештің,
Жылына тым болмаса бірін бермей.

- Ә, қалқам,- деді Нағи-қалай екен?
Зиянда қалуды кім қалайды екен.
Соятын бес аруаққа бес тоқтының
Түріне нағашылар қарай ма екен?

Салықбай сылқ-сылқ күліп құлай кетті,
- О тәуба, о тағала құдай,- депті.
Даладан жүргізуші “Біз дайын...”- деп
Келіп ед Сөкеңе ол ұнап кетті.

... Күн ашық сұлу көктем тамылжиды,
Жұрт әй-жай, Нағаң қана абыржиды.
Барам деп түстен кейін Үкібайға
Хабарлап “Көкдомбақтың” бәрін жиды.

Ескелді бірте- бірте есін жиған,
Құрғатып күнәсіз көз жасын тиган.
Қалқайтып қабырғасын қайта жауып;
Ел болып ұра басып, кірпіш құйған.

Зират үйі іші-тысы сыланбапты,
Өмірден өткен біраз сыр аңдатты.
Шашылған бозторғайдың ұясындай
Болышевик қызыл жендет ылаңдапты.

Шырылдап Нүрилә апа қағып есік,
Күні-түн шабуылдап желдей есіп.
- Атамның үйін қайта салу үшін,
Көмектес, ағайын,- деп жағдай шешіп.

Тынбады қысында да, жазында да,
Қаржының қол қысқартқан азында да.
Жіберер Қуандыққа тиын таппай,
Совхоздың еңбек етті базында да.

“Жаңажол” көп совхоздан төмендеген,
Бұрынғы шалдар қалды шөмендеген.
Бәйділде, Арын, Мәді, Жұмабектер,
Шығарды бір суық сөз “Өлем” деген.

Директор қайта-қайта ауысады,
Келгені бар қаржыны тауысады.
Бірі іштен, бірі сырттан есепшілер,
Совхоз “дойный сиыр” деп “сауысады”.

Орнатып болғаннан соң ескерткішін,
Деп Нағаң-Елдің жәйін сезед ішім.
Мектепте Мәшекеңе музей ашу-
Алдағы жігіттерге ескертті ісін.

Сойтті де Көкдомбаққа кетті жүріп,
Бол-болдың астына алып елді бүріп.
Басына Үкібайдың жиналды жұрт,
Отырған хабарлас боп құлақ түріп.

Зираты қоңыр кірпіш күмбезделген,
Заманның куәгері күнде өзгерген.
Құлапты жарты жағы опырылып,
Қалайда бір қастандық түр көзделген.

Соғыпты “трактормен” мас жігіттер,
“Новосел” көшіп келген жас жігіттер.
Жыртылып таудың басы, үйдің қасы,
Тілінген “Аяқшілік”, “Басшіліктер”.

Құрметті Үкібай би мазарының,
Күмбезін кесіп өткен жазалының.
Кім білді аты-жөнін кейінгі ұрпақ!
Зардабын “Тың көтеру” заманының.

Құнысқан бір ақсақал құжырайып,
Тымағы көзге түскен мыжырайып.
-Мұнысы кім?

Үкібайдың қай туысы?

Бір тасты қоя алмап ек біз ылайық...

Дәуіттің Рахымжаны таниды екен,
Екеулеп түсіндірді Қалименен.
- Үш ата Қозған Орташіліктегі
Баласы Ахметтің Нағи деген.

- Жарайды, кім болса да хақ мұсылман,
Өз жанын Құдай үшін нақты ұсынған.
- Сауапқа жазсын Алла Рахым қылып,-
Деп жатты ақсақалдар әр тұсынан.

Бекітіп ескерткішті қалағасын,
Таратты жалпы нәпіл садақасын.
Бір үйде тағам беріп, дұға оқытып,
Аттанды ақсақалдар тарағасын.

Қарамай ауру-сырқау жасына да,
Алмапты Нағаң нөкер қасына да.
Сәтімен бір ескерткіш орнап қалды,
Әпжалап диуананың басына да.

Нағаңнан жөнді жұмыс қалмады да,
Арманның жолын сызып алдағыға.
Осыдан бір жұмадай елді аралап,
Оралды аман-есен Алматыға.

Бір апта тұмауратып бой алдырған,
Қозғалып өткен-кеткен ой арғыдан.
Аяқта қалған оқтың жарықшағы,
Сыздатып шырт ұйқыдан ояндырған.

Сүйеніп таяғына ақсай басып,
Қырандай жауын жеңген жақсы айқасып.
Кеудесін қиял кернеп өректікен,
Қалуға Имашевпен нақ шайқасып.



*Дихан Әбілев
1907 ж*

*Қазақ ақыны,
Қазақстанның
халық жазушысы*

Диханға барды әуелі сәлемдесіп,
Сыр төгіп тербетілді әлем-бесік.
Басуға Мәшһүр жәйлі мақаласын,
Алғанын айтты Дихан өрең шешіп.

- Бұл өзі мың тоғыз жүз қырық алтының,
Күзінде таққан ісі орталықтың.
“Звезда”, “Ленинград” журналдарын,
Сынға алып қатер тікті қорқарлық тым.

Зощенко, Ахматова бисаясат,
Журналға берді еңбек жариялап.
Зардабы ұлтшылдықтың тиді қатты,
Дегенге “Біз де қазақ” қиясая сап.

Әбділда, Ғабиден мен Ғабдол, Сәбит,
Сыналып қырға алынды Мұхтар, Ғабит.
Ілікті Қажым, Қайым, Ілиястар,
Үндемес қаламына тыңшы “сақ” ит.

Қалам ап Шойынбаев, Айдарова,
Айналды “білімдарлар” айбарына.
Бетінде “Правданың” билік айтты,
Тарихи халқымыздың жайларына.

От қойып бейкүнә жан “қылмысына”,
Дайын жүр кіммен дағы қырқысуға.
“Тарихы Қазақстан баяндалсын,-
Деп маркс-ленинизм тұрғысында.

Қанышқа қатер төнді қара түнек,
Ғылымның ордасында дара тірек.
Ермұхан Бекмаханов қудаланды
Баянның тау қыраны- бала түлек.

“Орманшы”, “Баянизм”- қаулап өсек,
Шоқ ұшып Алматыдан лаулап кесек.
Жік түсіп азаматтан кетті бірлік,
Көрсетіп бірін-бірі алма-кезек.

Мәшһүрге енді қалай берсін тыным,
Алдық қой талай-талай ердің сырын.
Тағдырын Сұтанмахмұт зорға шештім,
Бұл Дихан айтпады ма дерсің шынын.

Сыбайлас демеу алған бәсекеңнен,
Кеш білдім, соның бәрін - жас екем мен.
Сайып кеп осылардың аяғында,
Зардабы шықты ақыры Мәшекеңнен.

Кім білмейд Мәшекеңнің қасиетін,
Керемет сырлары көп бас иетін.
Зират қып Шаяхметов, Қазақбаев,
Даниял тәнті қылған жас ниетін.

Қастықтың қара бұлты құрдым ауып,
Тұрғанда Нағи енді қылма қауіп.
Сәрсенбі Дәуітовтей бір жас ғалым,
Зерттеуге Құдай жазса тұрмын тауып.

Еңбегін Мәшекеңнің сараласын,
Алып бар, ел мен жұртын араласын.
Таныстыр туған-туыс ұрпағымен,
Ықылас беріп өзі қалағасын.

Қүдірет жәрдем беріп сүйесін де,
Қоймайды сөз оралмай иесіне.
Малаев сол жыл шығып қызметтен,
Акошев ұшырады киесіне.

Сталин келер көктем болды опат,
Жұмаділ дүние сап, қойды ноқат.
Жығылып Қазкен аттан қаза тапты,
Макиннің өмірі де болды шолақ,-

Деп Дихан байырлатты сөз аяғын,
Нағи да қолына алды жез таяғын.
Шәй ішіп әбден әй-жәй болып еді,
Табуға қош айтысты өз саяғын,-

Деді-де біз де осылай бағамдап ек,
Үйіне бұлтақтамай табанда кеп.
Хат жазды Баяндағы туыстарға,
“Бар күлік, барлық қозған, аман ба?”-деп.

Мәшһүр молла

...Бұхарадан төрт жыл оқып келді Мәшһүр,
Жоқ еді бұрын елде мұндай дәстүр.
Құдайға бозқасқа айтып, сойды атын,
Той қылып Көпей жұртқа ұлан-асыр.

Біреуден-біреу естіп алып қашты,
Қашаннан не нәрсеге халық басшы.
Болса да балаң жігіт атын айтпай,
Атағы Мәшһүр молла қалыптасты.

Ол кезде қысқы оқу- жазға кетіп,
Білер аз арабшадан нұсқа жетік.
Қолына әптиек ап бала оқытса,
Пір тұтқан қол тапсырып ұстаз етіп.

Әспеттеп қулық, сұмдық, ақуаны,
Молла деп шала, дүмше тақуаны.
Бұрмалап шарифаттың дұрыс жолын,
Пайда үшін жасай салған пәтуаны.

Мәшһүрге елдің жәйі әбден қанық,
Ми болып, иге көніп алған халық.
Хадисте, шарифатта жоқты айтқанға,
Елтіген аузын ашып қайран қалып.

Молданың айтқанын қыл, ісін қылма,
Қылығын көре берме тізіп қылға,
Күнәсін әркім өзі көтерер деп,
Жіберген құнды құнға, жынды жынға.

Әкімбек бұл өңірдің ширақ байы,
Қазмойын жылқылары, керік тайы.
Сарбас қой, қарабас қой қотан-қотан,
Артықтау басқалардан оның жайы.

Зекетті зейнеті көп қайырымды,
Бағатын бірден танып зайырыңды.
Шар болат, шадыр мінез, шақарлық бар,
Алмасаң өзің жинап айылыңды.

Қалыбек жалғыз ұлы алған тілеп,
Жоқ басқа артта сүйеу, алда тірек.
Сегізден тоғызға аяқ басқан шағы,
Үлбіреп жас қырандай қалған түлеп.

Жалғызын оқытуға арманы көп,
Өзі хат танымайды, дәрмені жоқ.
Көпейге қалау айтып жалбарынып,
Мөшһүрді алып келді пәрмене боп.

Төргі үйін беріп қойды сабағына,
Қараумен шәкірт ұстаз қабағына.
Қысырдың тайын сойып екеуінің,
Арнайы дайындатты тамағына.

Қауырсын қалам, сия, қағаз, құрал,
Қарындаш, сызғыш, дәптер басын құрар.
Кестелеп ақ киізден әлеміштеп,
Жасалды кітап қоржын шәкіртке ұнар.

Жас бала қызықтайды алып-кезек,
Жазуға қайта-қайта қолын безеп.
Әріптің ажыратып таңбаларын,
Дыбыстың айтылуын жақсы сезед.

“Мұғалім”, “оқытушы” деген сөзге,
Ешбір жан қонақ бермей көрер көзге.
“Моллеке, уа тақсыр” деп үзіледі,
Дегендей көрінбейін елден өзге.

Қалыбек деп атақты “Ұстаз аға”,
Кілікпей шәкірттікте еш жазаға.
Туғандай бауыр басты бір-біріне,
Айтпай-ақ түсінеді нұсқаса да.

Есептеу, оқу-жазу, әлем жайлы,
Төрт ғылым үйренері басы байлы.
Жарты күн дәріс алып, дайындалып,
Жарты күн сауық-сайран басылмайды.

Бай ұлы тілеп алған еліне ерке,
Жетілген аймағына сенімі ерте.
Мәшһүрдің болды сөзі сары алтындай,
Сал жігіт өнері асқан сері-серке.

Көпейді шақыртып ап әлденеше,
Көп сыймен аттандырды күні кеше.
Өзгеге көз ілмейтін Әкімбек бай,
Қалмайды шыбын жаны Мәшһүр десе.

Бір жылдан аса сабақ, берді тәлім,
Үйретіп дін жолының еркін мәнін.
Шыдатпай қайнап іштен бір білім күш,
Бұл жерде тұрғызбауы болды мәлім.

Не дін жоқ, не ғылым жоқ қойған жолға,
Жатқа оқып үш-төрт аят “тойған” молла.
Шоқыса соқыр тауық бәрі бидай,
Қондырған тайды тақым, қойды қолға.

Қатесін моллалардың жүрген жауып,
Тастайды шатыр-шұтыр бірден шауып.
Үлкендер дұға оқыса отырғаны,
Жалтақтап Мәшһүр жаққа ауық-ауық.

Сырдақтап Мәшһүр жүрген жерден қашып,
Айта алмай қайсы бірі бетін ашып.
Шарифат-илі қайыс қайдан білсін,
Әлі жас бала ғой деп күлген пасық.

Таратып “иманшартты” қолдан жазып,
Болардай “Мұқтасарды” молдаға азық.
Сақтауға дін тәртібін, берді кеңес,
Жолынан мұсылмандық кетпеуге азып.

Көңілі дауаламай бұл ортаға,
Бөленген аңсайды елді гүл торқаға.
Сайратып балаларын сандуғаштай,
Оқытса жастай баулып ғылымқорға.

Соңынан еріткісі кеп жігіт-желең,
Жүргізіп өнер қуған үгіт терең.
Апармай, адамдық пен адалдықта,
Арманның арғымағын жегіп берем,-

Деп ойлап ертеңді кеш қиялдайды,
Жүз кісі бір тентекті тия алмайды.
Жаманды жақсы десе дардай болып,
Арсызды арлы десең ұялмайды.

Кернеген көкіректі пәле-жала,
Ұғады ақылынды және шала.
Қалпына көн құрысса кетпей қоймас,
Танады өз сөзінен айта сала.

Таралған ел ішіне надан қылық,
Ішмерез, өтірік сөз, жаман қулық.
Ғылым десе басады бір албасты,
Шығарайын десең-ақ адам қылып.

Ісі жоқ малдан басқа зорыққандай,
Ұсақ сөз ел ішінен торыққандай.
Аңсайды Мәшһүр бір сәт еркіндікті,
Біреуден кеткісі кеп қорыққандай.

Әкімбек ат мінгізді құла күрең,
Таймайтын қысы-жазы бұла түрден.
Өзге бай жарытпайды малшыларын,
Сол кезде пейілді алған бұ да сүрең.

Жыл жүріп кетед малшы біреуге ауып,
Әуелде жап-жақсы боп пайда тауып.
Білмейсің шидің кімнен шыққандығын,
Жатқаны бірін-бірі иттей қауып.

Ағаш үй Шорман ауылы салтанатты,
Келетін мейманы көп мархабатты.
Қат-қабат патшаменен байланыста,
Алады елден бұрын салған хатты.

Ақкелін, Ащы бойын еткен мекен,
Өрімдей жастары өсіп жеткен екен.
Ашылып медіресе ауылында
Жолына ғылым-білім беттеп бекем.

Хазірет көшіп келген осы ауылда,
Мұсаға құрметтеген досы ауыр ма?
Басқартып шаруа жайын бір кісіге
Тапсырған ел тәртібін есауылға.

Жасалған әлем-жәлем ұлттық өрнек,
Біреуден өнері асқан біреу өрлеп.
Салт-сана, әдет-ғұрып, өнегелі іс,
Байқаған бұл ауылдан бәрін көрмек.

Малды ауыл Шорекенде Жәми, Кәбіш,
Жайлауға ерте көшу байға тән іс.
Зынданың бір өзінде үш мың жылқы,
Қараөткел, Атбасарға болған таныс.

Мәшһүрді қызықтырды мырза елі,
Соғатын тек оңынан тұрса желі.
Таралған Сәти, Боти ұрпағынан,
Апайтөс жігіттері серке-сері.

Хазірет шақыртып ап іс тапсырды,
- Құраннан жазып шық деп бес тәпсірді.
Таратып ел ішіне етті нұсқа,
Бекітіп шариятпен салт-дәстүрді.

Жастарға берді дәріс-“Нақу”, “Сарып”¹
Мұң болған кейбіріне тану әріп.
Түсінді мұсылмандық бес парызды,
Неліктен болатынын тату халық.

Арада жылдар өтті талай-талай,
Қызығын көр Мәшһүрдің жүрген қалай.
Құс салды ит жүгіртіп, мылтық атып,
Қағазға жалыққан соң қарай-қарай.

Соңына ертіп алып жігіт-желең,
Бойына пайда болды үгіт елең.
Аң аулап, ел аралап саят құрды,
Ән салып сал-серілік үмітпенен.

Қыс қыстақ, жазғы жайлау, күзгі күзек,
Жарасқан қыз-бозбала қатар түзеп.
Көшеді ел Шыбынды мен Қаракөлге,
Қыстаудан қойын қырқып, жылқы күзеп.

¹. Діни оқу кітаптары

Жол бойы сауық-сайран, жорға жарыс,
Ол кезде шырқау шығып барады алыс.
Ереймен, Қалыңшұбар, Өлеңтіге,
Тірелген басын қосып алты арыс.

Мәшһүрге болды таныс бұл атырап,
Өлеңті, Шідертідей бұла тұрақ.
Тарихтың таңба салған тарландарын
Жүреді ел аузынан біліп сұрап.

Аққошқар аты шыққан Сайдалыны,
Қуандық бұлбұл шешен Байдалыны.
Ұрпағы қарт Бөгенбай, Саққұлақ би,
Сөздер еді көңіліне байлағаны.

Есілдің ән-жыр болып аққан селі,
Сал Біржан Көкшетаудан тартқан желі.
Жарылғап жалғастырған Баянтауда,
Үні кеп құлағына Ақан сері.

Мәшһүрдің көңілі ауды сол бағытқа,
Сезініп жететіндей мол бақытқа.
Сайрандап Сарыарқаны көрмек болды,
Қоя алмай әлі ыхрап молдалыққа.

Шақырып жаны құрбы-жолдастарын,
Сұрады енді қайда жол бастарын.
Сәтіне сәрсенбінің бисмиллә деп,
Әбзелді ерін салды Торқасқаның.

Мұндайда қошеметшіл елең ой кеп,
Жатпай ма біреу бүйдеп, біреуі өйдеп.
Аралас әзіл-шыны Әбдіразақ,
Қулана жігіттерге кетті сөйлеп.

- Дейсің ғой Мәшһүр мені оқымаған,
Берсе егер жүрегіңнің отын маған.
Ғылымның жеті атасын көрсетер ем,
Жадыма өшпестей ғып тоқып алсам.

Сен бұзба ғұламалар ескі легін,
Білімнің қайыстырсын бесті белін.
Мен тауысып көз майымды не қыламын,
Жетеді маған сенен естігенім.

Жүр едім салайын деп назарыңа,
Анада, кездескенде жаз алдында.
Керемет, неше түрлі бар дейді жұрт,
Қараөткел барып қайтсаң базарына.

Көніпті неше түрлі азабына,
Саудагер келеді екен жаз ағыла.
Ақ патша көз қырын сап, төгіп түр дейд,
Ақмола, Атбасардың қазағына.

Әлде рас, әлде өтірік, мазағы ма,
Ала ма, елді билеп таза мына.
Табармыз қайын жұртты біз де содан,
Алып жүр әке-шешей мазаны да,-

Деп күліп Әбдіразақ айтты әзіл,
Толқуы жүзіндегі қайтты қазір.
Бойында байқалады бір ширақ күш,
Болмайтын жаба тоқу, бармен мәзір.

- Е-е, достым,- деді Мәшһүр салмақпенен,
Келеді кім болса да алмақпенен.
Ақтабан шұбырынды салдары ғой,
Соғысқан жоңғар, шүршіт, қалмақпенен.

Би шығып ел ішінде еzbелеген,
Жан болмай орыстарға “кезбе” деген.
Қазақтың басына күн туған жоқ па,
“Ешкіні апа, текені жезде” деген.

Қай заман бұл саясат басталғалы,
Кім түрсын шыққаннан соң бастан қаны.
Мінекей, көзің жайнап сен де отырсың,
Бір байын Қуандықтың жастанғалы.

Жымиып Әбдіразақ деді, күлік,
Күліктің жүрген жері күнде бүлік.
Қызғансаң маған бажа бола қойшы,
Қандай бай, алшы әуелі атын біліп.

- Мен сендей көз сүзбеймін көрінгенге,
Сылдырап алқа тағып керілгенге.
Иілем, соған ғана өзі сүйіп,
Жаныммен жанын жалғап өрілгенде.

Ду етті екі-үш жігіт тұрған бірге,
Таратып әрбір саққа, әрбір түрге.
Ел кезіп қыз таңдаудың жолын талдап,
Дауласты жол бойында ұзақ күнге.

Аунатып аттарының алып ерін,
Өлеңті, Шідертінің мақтап жерін.
Шомылып бой сергітіп жүріп кетті,
Бетке алып Ерейментау қалың елін.

САРЫАРҚА



Сарыарқа

Аралап жазғы жайлау шыған төрлеп,
Өлеңті, Шідертінің бойын өрлеп.
Атығай, Қуандықтың елін танып,
Қалай да Ұлытауды ойы көрмек.

Исабек қашан болсын үндемейді,
Мәшһүрді ауызға алып күндемейді.
Ал кеттік десе болды әзір тұрад,
Мынау күн, мынауың не, түн демейді.

Бармайды ат тұсауға күнде бейлі,
Кетсе де алып біреу мүлде мейлі.
Соғып қап бір мысқылды сезбегендей,
Өзі күлмейд өзгеге күл демейді.

Нығыман қаршығасын салып келед,
Қатарлап үйрек, қазды алып келед.
Қонаға барған үйге құрметпенен,
Тарту боп сый-сияпат қалып келед.

Түскен үй жас отауы замандастың,
Шақырып бәрін түгел шамаластың.
Алады тік көтеріп, той-думан қып,
Ел даңқы емес қамы қарабастың.

Асқақтап, ән қалықтап, күй төгілген,
Танысып тасқындаған сый көңілден.
Қайғысыз, қапырықсыз бір жас болған,
Арылып құтылғандай күйкі өмірден.

Сұрап ап елдің үлкен ақсақалын,
Береді Мәшһүр сәлем біліп қалін.
Өз басын таныстырып, жайын айтып,
Жазады “Үш жүз” қалай басталғанын.

Шығарад сұрай-сұрай талай кепті,
- Таратып берсеңіз деп ата текті?
- Есту ғой, жазба дерек қалмаған соң,
Бізге қолмен қойғандай қайдан кепті,-

Деп талай ақсақалдар білгендерін,
Жасынан құлағына ілгендерін.
Баяндап бұрынғыны еске алады,
Көзін ашып көргеннен жүрген жерін.

Түсіріп Мәшһүр сөзін қағаз- хатқа,
Исабек мәжілісте соғад жатқа.
Күлдіргі өзіл айтып Әбдіразак,
Сөз соңын тірейді әкеп шарифатқа.

Қолына ап Мәшһүр шертіп домбыраны,
Құлаққа жыр-дастанды қондырады.
Ерлігін жырлап Хасен-Құсайынның,
Дененді түршіктіріп тоңдырады.

Ереймен қалың шұбар, аппақ қайың,
Бұл елден қайсы болсын таппақ қайын.
Қоржыннан киім алып жаңалайды,
Үлгі мен сал-серілік апта сайын.

Жол тартты сол бетімен Қараөткелге,
Жайылған Есіл өзен, Қаракөлге.
Қорғалжын, Кеңбидайық тұнған ырыс
Қаптаған қалың жылқы тарап өрге.

Қыстаулар төрт-бес үйден тепкен орын,
Сақтаған қысқы малға шөптің молын.
Шалкөде аяғыңа оралады,
Босатып мал күтуден көптің қолын.

Ел іші қайда барсаң сауық-сайран,
Сары май, сары қымыз көңіл жайраң.
Ежігей, құрт, ірімшік қап-қап, тең-тең,
Қою сүт, қой қатығы, аппақ айран.

Көз тартып қызыл, қоңыр бауырсақтар,
Кім болсын қол-қоюға сабыр сақтар.
Бұрқырап етке құйған бұрыш тұздық,
Базардан келіп қалған сарымсақтар.

Тәртіп боп келе жатыр жаңа тарап,
Үлгі алып біреулерге біреу қарап.
Жетілген өрттен кейін көк алсындай,
Көрінбейд шаруа көзге жүдеу жадап.

Төрт-бес үй жырақ жайлау шағын ауыл,
Ұшырап ойда-жоқта қазаға ауыр.
Жай түсіп бір жас жігіт опат бопты,
Түйілген қара бұлт кеп, соғып дауыл.

Қоя алмай жатыр екен таппай молда,
Тимейді ғылымкәрлар жаппай қолға.
Тап болып төрт-бес атты келе қалды,
Молда іздеп ат шаптырып шықпай жолға.

Аз ауыл үрейленген абыр-сабыр,
Ішінде бас көтерер Қабыл, Садыр.
Мәйітті дәрет беріп қойды оң жаққа,
Үн салып жылап отыр келін Жаңыл.

Алады демін зорға өзі жүкті,
Уатқан түсінбейді сөзді-тіпті.
Талықсып үнсіз қалад ауық-ауық,
Ақыры не болад деп, көңіл күпті.

Кез келді бұл жағдайға Мәшһүр тобы,
Айқын боп діни басшы елде жоғы.
Дәстүрін өлік-тірік білмеген соң,
Не керек кептеп жеген қарын тоғы.

Садыр кеп сәлемдесіп есік ашты,
Көрген соң салтанатты өңкей жасты.
Болушы ед қырықтың бірі қыдыр деген,
“Бар ма - деп іштерінде есті- басты?”.

Қарасты Мәшһүр жаққа бар дегендей,
Не дейсің бұл сұраққа ал дегендей.
Ар жағын өзі сөйлеп алып кетті,
Сөз қосып жалғыз ауыз жан демемей.

- Алланың бұл бұйрығы тағдыр ісі,
Көнеді басқа салса әрбір кісі.
Қажыма, сабырлық қыл, қаза көрсең,
Еңбек ет Құдай үшін елдің іші.

Бұл марқұм, ауру соғып тартпай азап,
Сайтанның әсуәсіне болмай мазақ.
Көрмеген жан ашуын сәби сынды.
Ұшпаққа құдай қалап, ұшқан ғажап.

Шығарам жаназасын құдай үшін,
Ағажан сабырлықпен сөзім түсін.
Сауда жоқ, садақасын берме маған,
Берерсің кездескенде ғаріп-мүскін.

Ісмағзам дұғасынан оқып аят,
Жаңылға басу айтып келді таяп.
Үшкіріп қайрат беріп, тоқтау салды,
Пақырдың ғаріпшілік басын аяп.

Су ішіп, көзін ашып, жиды есін,
Молдадан басқа қандай сый тілесін.
Мәйіттің жаназасын оқыттырып,
Жұмада жерлеттірді кіші бесін.

Дозақтың түспейді деп қыспағына,
Мәйіттің мал байлатқан мұстағына.
Шатпағы дүмше молда, айта алмайды,
Бар ед деп пайғамбардан нұсқа мына.

Мен сатып бар күнәсін алдым деген,
Арқалап бұл дүниеде қалдым деген.
Алланы алдайтұғын саудагер ме,
Өзін ақтап алсыншы алдыменен.

Деп Мәшһүр жасатпады “Фідияні”,
Опасыз деп бұл жалған дүниені.
Шалажансар молданы тас-талқан қып,
Бұзады быт-шыт қылып, кім тияды.

Ант беріп, иман айтып десе де “Алла”,
Белгісі бес саусақтай біздің қолда.
“Кәлиमतін шаддатін” деген жанның,
Елдегі дейсіндер ме бәрі молда.

Белгілі жүрген жанға затын баға,
Беретін бір көргенде-ақ батыл баға.
Бүгінгі біздің Баян дуанында,
Көбінің молда деген аты ғана.

“Кетпейін бұл сөзімнен бермей хабар,
Мен өлмей жан емеспін аузын жабар.
Төрт мағзұм, екі қожа, үш молда бар,
Жұрт өзі кім екенін ойлап табар”.

Мәшһүрді жіберді алла сақылдатып,
Таңдайын күннен-күнге тақылдатып.
Әңгіме бірер сағат құрған жерге,
Кетеді айтқан сөзін мақұлдатып.

- Ғылымды ешкім оған үйретпейді,
Өз бойын білім кернеп билетпейді.
Алды-артын айтысқанның бірдей орап,
Көндіріп дегейтне илектейді.

Күдірет құя салған кеудесіне,
Таң қалам ескен желдей кеулесіне.
Адамдай жаттап алған жүре ме әлде,
Күнбұрын кімге қашан деу де есінде.

Ақмылтық ауыз мерген салады айтып,
Алмайды айтқан сөзін енді қайтып.
Дін-исләм, ғылым-білім саласында,
Мәшһүрді көрген жоқпын шыққан тайқып,-

Деп жүред Әбдіразақ әрбір жайда,
Мәшһүр мәз болмайды деп ет пен шәйға.
Үйірілед кедей көрсе құба төбел,
Тәк әппар жоламайды сараң байға.

Жазып ап ел аузынан естігенін,
Жаһаттап аз айтылып ескіргенін.
Анықтап бірден бірге айқындайды,
Біреу ерте, біреудің кеш білгенін.

Түбейлеп ата-қыстау мекенжайды,
Сарыбел өзекті өлке, жекен сайды.
Сұрайды көрінгеннен қайта-қайта,
Ұмытып жеген ет пен ішкен шәйді.

Сайрандап Сарыарқаны өрлей-өрлей,
Жүргенде құмар болып көрмей-көрмей.
Тірелді Қараөткелдің қаласына,
Қонақтай ғайып келген төрлей-төрлей.

Кетеді Есіл тасып, жардан асып,
Көктемде ел көшеді жанталасып.
“Қараөткел” дейді екен осы жерді,
Кейін қала боп кеткен алға басып.

Жағаға қырық күн орнап дара лашық,
Қыстауға қайтуға жол болып қашық.
Бір байдың жалғыз ұлы суға кеткен,
Жүк ауып түйе үстінен қара басып.

Бай соғып баласына аппақ мола,
Қырық күн құран оқып жатпақ молда.
Заманнан заман өтіп жұрт өзгеріп,
Бұл жерді одан кейін депті Ақмола.

Аймағы үлкен емес шағын қала,
Есілді бойлай салған сала-сала.
Аласа қамыс шатыр, кірпіш үйлер,
Көп екен сәулетті үйден санаса да.

Қоя ма іліктіріп құр назарға,
Есілдің жағасында тұр казарма.
Аттылы, жаяу-жалпы жүрген адам,
Құйылып келіп жатыр жұрт базарға.

Болса да қала кіші, базар үлкен,
Біреу-жәй, біреу - асқақ, біреу жүр кем.
Ортаға омыраулап саудагерлер,
Шақырса бірі ашулы, біреу күлген.

Қайнаған пайда-зиян алмақ борыш,
Ертеден елге ортақ ғажап қоныс.
Тағынып темір түйме қаптап кеткен,
Қалпағы қоқырайған казак-орыс.

Саудалап біреу арзан, біреу қымбат,
Шірейді кейбіреулер мүлдем құндап.
- “Сутегін” аласың ба, берейін, -деп,
Көнетоз киімдерін сатад бұлдап.

Ортада ду көтерген ойын-сауық,
Ешкімнің ойында жоқ қатер-қауіп.
Базарға келген адам тартар солай,
Қалайда сылтау тауып, көңілі ауып.

Құлтума, Жаяу Мұса шырқаған ән,
Қаумалап қалың қауым тыңдаған жан.
Бір топ қыз әзіл-қайым айтыс құрып,
Көрсетті халыққа өнер сыйлағаннан.

- Сізбісіз ақын Мұса жаяулаған,
Ән салып Қараөткелде баяулаған.
Мергендік бар ма еді өнеріңіз,
Баспалап келіп қапсыз таяу маған?!

- Барады үркер ауып жазға таман,
Жүгірдім мылтық алып қазға таман.
Буылып қол-аяғым жатсам дағы,
Домалап бара жатам қызға таман.

- Ағажан, қаршыға құс нені іледі,
Ауыздан сөз шығады көңілдегі.
“Аха-хау, саха-хаумен” кеткен адам,
Шаруадан жыл он-екі ай не біледі?

- Қаршыға қыран болса тырна алады,
Жел соқса, ұзын ағаш ырғалады.
Құрбылар, жастығыңда ойна да күл,
Қызықтан ойнамаған құр қалады.

- Қаршыға қыран болса тырна алады,
Жігіттің жалқауы ерте тұрмағаны.
Әйел мұңлық теңіне кездеспесе,
Қаңбақтай кезе берген құр даланы.

- Бұлт басып, айдың көзін торлады ма,
Әй, сәулем, көңілдегі болмады ма?
Әр кімнің ықтияры өзінде ғой,
Сүймесең, сені біреу зорлады ма?-

Деп Жаяу келіншекке салды көзін,
Лапылдап бойды билеп алды сезім.
Өткізді көз алдынан ыстық елес,
Сұрша қыз Көкшетауда қалған кезін.

Айқай сап жанкүйерлер “тағы-лайды”,
Жаһатпен Мәшһүр жансыз бақылайды.
Құлтума домбыра алып басты айқайға,
Кейбіреу “Уай фалай” деп мақұлдайды.

- Сұрасаң менің атым - Құлтума-ды,
Момыннан Құлтумадай ұл тумады.
Қолға алып домбыраны шырқағанда,
Тамсанып, шіркін, көмей бұлтылдады!

Он жастан жиырма деген бастық жасқа,
Жоқ болды жұмысымыз қыздан басқа.
Кісіні қырыққа келген шал деуші едік,
Бұл күнде соның бәрі келді басқа.

Болса да өзге өтірік, өлім рас,
Бұрынғы өткендерден қалған мирас.
Ғаламның он сегіз мың бәрі өзгеріп,
Бұл дүние болар бір күн жоқ жым-жылас.

Құлтума сорғалатты біраз қалқып,
Ән өрлеп аспандады толқып, шалқып.
Кең тыныс, әсем әуен, нәзік үйірім,
Табиғат асқақ үннен тұрды балқып.

Мәшһүр де сөз пернесін қалды басып,
Көрмеген жиын жерде жаны жасып.
Алдымен сәлем берді көпшілікке,
Дәріптеп ақындарды басын ашық.

- Ағалар түйіп қалдық сырларыңды,
Сақтармыз көкіректе жырларыңды.
Өмірден асықпандар ел-жұртыңа,
Көрсетпей өнердегі қырларыңды.

Өнерге өзінді-өзің ерте баулы,
Жастықтың бір күн көшіп кетер аулы.
Іші адал, сырты таза жар таппасаң,
Өмірің өле - өлгенше өтер даулы.

Үйіңнен күні-түні шығар жауың,
Қарадай ауру болып дені сауың.
Тұманға ашылмайтын кез болғаның,
Бір күн қар, бір күн боран, бір күн жауын.

Басында ақсары үкі бұлғақтаған,
“Жігітті ел мақтаған қыз жақтаған”.
Мәшһүрдің қиянаты бөлек еді,
Ұрланып қыздар қарап сыр сақтаған.

Қызы еді,- Шегебайдың Рабиға,
Сыйласаң бір перизат тұрар сыйға.
Баспалап көз қиығын сала беред,
Мәшһүрдің әрбір сөзін пір тани ма?

Мал айдап әкесімен келген бірге,
Қараөткел базарынан теуіп ірге.
Қажыға бару үшін қаржы жиып,
Саудада араласқан әрбір түрге.

Абайлап Мәшһүр оны байқамапты,
Бір жас қыз жақындап кеп айқабақты.
- Жігіттер, сіздерді әкем естіп отыр,
Біл деп ед, жайларыңыз қайда нақты?

Біле алмай Мәшһүр оның кім екенін,
Танымау жас жігітке мін екенін.
Сезініп ұялғаннан айта салды,
Өзінің жатқан көше, үй-мекенін.

Күн қайтып, базар байып ел тарады,
Басталды күс қонағы, ер жарағы.
Мәшһүрге кешкілікте бір хат келді,
Дәптердің толық жазған бес парағы.

- Хат жаздық, Мәшһүр молла, қойып сұрақ,
Бұрыннан жүрген сөз ед тойып құлақ.
Адамға көк пен жердің арасында,
Өзгермей қалатұғын бар ма тұрақ?

Шартынан шарифаттың ауа алмадың,
Сөзіне ақындардың дауаладың.
Ықпалы дүниеге қандай болған,
Әу баста Адам-ата, Хауа ананың?

Септейді үзілгенді жалғау білген,
Әуелден қырсық бастан, пәле тілден:
Жазулы лаухыл махфуз деген қайда,
Болады талғау кімнен, таңдау кімнен?

Жақсылықтан жамандық етек жайып,
Кетеді мың күнгіні бір күн шайып.
Жүп жандардың күнәсін тексермек кім,
Бола ма періштелер ерлі-зайып?

Адалдық арамдықпен екі тарап,
Көрмейсің жүрген жанды босқа қарап.
Тояды адам көзі не нәрсеге,
Керек пе қылтанақсыз басқа тарақ?

Зарлатпай бейшараның пұлын алмай,
Құдайдың болса халал құлы қалмай.
Тірлік пен ақіретте білесіз бе,
Жігіттің қызды алдаған құны қандай?

Әркімге жазылғанда күнә, сауап,
Табыла қояр ма екен, жүдә, жауап.
Иманды хақ- мұсылман деліне ме,
Қағбаға етпеген жан бір де тауап?

Дәулеттен тәубасыз жан масаяды.
Сараңдар қайыршыдан ас аяды.
Пейілі адамзаттың неге тапшы,
Бар ма екен дүниенің бас- аяғы?

Тегін жай таралмайды елге есім,
Есті жан еркелесе, еркелесін.
Біреу кеп, біреу кетіп жатса дағы
Ажалдың біле ме әркім ерте - кешін?

Күйрейді соқса дауыл болат кемең,
Бір қалған көңіл қайта толмақ немен?!
Барады ұрлық, қулық өрттей қаулап,
Ұрпақтың дұрыстығы болад неден?

Болсақ деп сізбен сырлас жаздық хатты,
Көрген соң ай маңдайлы асыл затты.
Әкемнің бар ниеті сізде ғана,
Таныған жастайынан жалғыз хақты.

Болсыншы ғафу рахман айтсақ ағат,
Сіз үшін кетті маза, қалмай тағат.
Алланың бұйрығынан кім қалады,
Жазулы маңдайдағы жетсе сағат.

Хат жазған Рабиға, Тоқты бала,
Ой салған іңкөр етіп хақ тағала.
Жастықпен өзіл үшін қойдық сауал,
Қозғадық көңілдегі шоқты ғана.

Деп, хатты аяқтапты екеуара,
Көрінбей саясатпен жеке дара.
Қолына қағаз-қалам алды Мөшһүр,
Бермек боп хатқа жауап оқи сала.

Есіктен кіріп келді Әбдіразақ,-
Деп сені байлап жатқан қандай дұзақ?
Ат дайын, хош айтысып, бол, жүрейік,
Жігіттер кетіп қалды, барады ұзап.

Жол тартты бетті түзеп “Атбазарға”,
Айналған ел аузында Атбасарға.
Орыстың дон жылқысын көрсем деген,
Жүретін ертеден-ақ ат назарда.

Араға екі қонып Астраханға,
Дұға қып, Қалқұтанда ақ мазарға.
Айналып құс салудың қызығымен
Ілікті кешке жақын Атбасарға.

Көргенде атбазарды шұрқыраған,
Жұтынып, ақын жандар жыр құраған.
Қазмойын, қамыс құлақ, бөкен қабақ
Құлан жал, сәйгүліктер бұлаңдаған.

Ат десе алмайд Мәшһүр тамақ татып,
Мінеді мейіздей қып жалақтатып.
Іліккен ел аузында көрсе жүйрік,
Екі есе құнын беріп алад сатып.

Екпіні суық желдің кеулесіндей,
Қоймайтын аяндаса, желсе есілмей.
Жүйріктің омырауы көз тартады,
Бұлтиған сұлулардың кеудесіндей.

Талтақ бүт, жалпақ сауыр, жуан қамыт,
Көшелі, кең қабырға, бұлан бағыт.
Алтайдың сала құлаш көк мойынын
Берді де, сұрағанын алды қағып.

Екі ат бар жетегінде үшеу ара,
Қашан да Мәшһүр келед жеке дара.
Аяңмен кейде озып, кейде қалып,
Ой талап, үнсіз қалад бара-бара.

Қос күрең екі аты бар бейне елік,
Жүретін бірін мініп, бірін жегіп.
Екі-үш жыл бала оқытып тұрғанында,
Еліне Шорекеннің білім егіп.

Қыл күрең ауыздықпен шұлғып сүйреп,
Сыбырлап ат үстінде келед сөйлеп.
Мәшекең өзін-өзі ұмытқандай,
Кеудесін қиял кернеп, шабыт билеп.

- Сарыарқа білсең айтшы кімнің жері,
Құс салған, ит жүгіртіп сал мен сері.
Қазақтар бұл араға кейін келген,
Құрдасым, дейді татар Сөлмен пері.

Ғұн мен сақ, оғыз, түрік қылған мекен,
Ел болған Арғын- Қыпшақ мықты бекем.
Естіп ап кейбіреудің бұрма сөзін,
Қайыстай білгішсінер ол несі екен.

Қазақтың айтсақ солар түпкі атасы,
Мен білсем, бұл сөзімнің жоқ қатасы.
Шағатай, парсы, қытай, монғол, түрік,
Тарихы бір саяды жоқ шатасы.

Айтайын о, Сарыарқа, базынамды,
Өтсем де тарихыңды жазып заңды.
Бұйыртпай халқымыздың ұрпағына,
Талайды-ау суық қолдар қазынаңды.

Қараөткел ұзақ таңда кірпік ілмей,
Тұратын жарқыратып түнді күндей.
Боларсың түбі күні бір бас қала,
Орталық ел мен жердің кіндігіндей.

Өнер қу, ғылым игер қалыспандар,
Жер өлем - алпауыт күш алысқандар.
Кең жайлау, ашық қоныс қайран елім,
Айналаң аузын ашқан арыстандар.

Жатпаспын мен көрімде тебіренбей,
Туған ел, тұрамын саған еміренбей.
Өтейін білгенімді айтып ақтан,
Бас иіп пенделікке өмірі ермей.

Бір мақсат, жиып қайрат берен бойға ап,
Тарихи Ұлытаудың елін ойлап.
Бесімнің бес саласын көру үшін,
Жөнелді Сарыарқаны терең бойлап.

ОН ТОЛҒАУ



*“Қалар мұра- сөз кісіден кісіге,
Сөзді мұра тұтсаң пайда ісіңе”*

*“Құтты білім”
Ж. Баласағұн*

Оң толғау

Сарыала биқасаптай жапырақтар,
Жемісін үйіп - төгіп жатыр бақтар.
Алтын күз келіп қапты ел үстіне,
Сарғайып құба дала, атыраптар.

Асығы алшы түсіп Жаңа Жолдың,
Астығы шықпай жүрген бұрын солғын.
Бес жоспар өнім берді биылғы күз,
Есінде бүгінгідей Қарашордың.

Жылдары “тоқырау” мен “қайта өрлеу” -
Кезі еді алдағыны байқап көрмеу.
Шаруаның тілін білу қашан болсын-
Істен де сөз көбейіп, айта бермеу.

Басқарған Қапен, Ғиса, Әйтім, Қоқан,
Бар еді қандай жігіт артық одан.
“Төңірден тасқа сал да, тіле” деген
Сол тұқым, сол Жаңбырбай, жыртқан соқаң.

Аузына әр адамның тұрмай қарап,
Қоятын шу дегеннен қатаң талап.
Мұраттың директорлық уақытында,
Шөп қорын екі жылдық қойды қалап.

Әріде еңбеккерлер болған-ды көп,
Әйтсе де жататұғын шабылмай шөп.
Оң толғау замананың ағымына,
Мұраттың басшылығы келгендей дөп.

Ет турап, табағына құйған тұздық,
Дейтұғын Мәшһүр үйін неге бұздық.
Ес көріп талай түнде паналаған,
Ыққанда жылқыменен Шөкі, Сыздық.

Ол кезде ескі көз көп кетед тани,
Шежіре Түлкі ұлы Қасенғали.
Кәрібай, Уәлилер білгір жандар,
Жолмұрат ағып тұрған о-да қари.



*Жүсіпова Нұрила
1919 ж.*

*Мәшһүр-Жүсіп
Көпеевтің
кіші келіні.*

Бөрі де Мөшекеңнен алған тәлім,
Білетін елдің жәйін, өздік әлін.
Солардың ұрпағы мен жұмыс істеу,
Мұратқа жарты-ақ жылда болды мәлім.

Бірі кеп, бірінен соң, бірі шығып,
Беттемей кабинетке сырттан ығып.
Жалтақтап бас мамандар отырғаны,
Қорғалап боз торғайдай аңдап бұғып.

Жатқанда жұмыс жәйін екшеп біліп,
Бүгінгі тапсырмаға құлақ тігіп.
Салдырлап біреулерге бірдеңе айтып,
Есіктен Нұрила апа келді кіріп.

Алды да амандасып, деді Мұрат:
- Қысқаша, шаруаңыз не, қандай сұрақ?
Нұрапай орындыққа отырғанша,
Асықпай айтар ойын алды құрап.

- Айтайын сәл кідіріп дамылдасаң,
Орындап арызымды қабылдасаң.
Ең кіші келінімін молла атаңның,
Ұлысың Дүйсенбайдың жаңылмасам.

Дұғамен өтіп жатыр әр жұмалық,
Шешіліп келе жатыр бар бұғалық.
Арнайы болып қайттым, Мұрат, қалқам,
Алдында Қайырбаев, Даржұманов.

Рұқсат алып келдім жөндеуге үйін,
Қалып тұр енді өзінде барлық түйін.
Жәрдем бер, қолыңда тұр барлық қуат,
Осы елге белгілі ғой менің күйім!

Жолына аруағының жан атамның
Қолдағы бар қаржымды жаратамын.
Қол ұшын берген жанға жәрдем жасап,
Аямай ақы-пұлын таратамын.

Өз күні балалардың өзіменен,
Таусылды менде, қалқам, төзім деген.
Бармаған есігім жоқ басшылардан,
Жәрдемдес, жаным, дұрыс көзіңменен.

Өзіңе не дейді деп, келдім бүгін,
Тап кеп түр көтеруге нардың жүгін.
Жөндетіп берсең болды атам үйін,
Совхоздың бермей-ақ қой маған түгін.

- Апажан, әбден ұқтым сөзің парқын,
Кім қандай жәрдем беред өзің, халқың.
Қалампаз екі жігіт қосып берем,
Орындап шығад маман, міне, Зарқын.

Сөз бітіп осыменен тұйықталды,
Тосын іс, отырғандар ұйып қалды.
Келер жаз мұражайын іле салып,
Ашылу лентасын ел қиып та алды.

Қүдірет оңға бастап берді сәтін,
Шыдатпай үлкен аруақ, елдің дәтін.
Ас берді ат шаптырып аудан болып,
Дұға қып рухына “құран хатым”

Омаров Амангелді мұражайды,
Ешкімнен жасауда ақыл сұрамайды.
Музейін Сұлтанмахмұт қолмен құрған,
Басқаға жаққан, оған ұнамайды.

Аралап ағайынды дүркін-дүркін,
Жинауға Мөшекеңнің қалған мүлкін.
Сеніммен ақы-пұлсыз ел алдында,
Қолына ғимараттың алды кілтін.

Кеу-кеулеп ақсақалдар жамырасып,
Бір жасап, көңіл шалқып, жадырасып.
Сөз қылып өткен күнді теріс бақай,
Біреуі біреуінен жатыр асып.

Деп отыр Жәпіш, Қамыш, Сүйінғали:
- Аллаға мінәжат қып сыйынған үй.
Ауданда спорт мектебі болып тұр,
Қайтарып алу керек, сол тұрған күй.

Жаңадан мешіт салып беру қайда,
Деген сөз “Салдырамыз” сылтау айла.
Көзіндей Мұса мырза жетеді осы,
Шығарсын спорттарын тәуір жайға.

Нығымет-Жөкен тегі Қарақозы,
Ішінде ақсақалдар дара бозы.
Жасынан Мәшһүр десе құлақ түріп,
Жадында қариялар қалған сөзі.

Соғыстан кейінгі кез осы жерде,
Басшылық төрт-бес жылдай жасады елге.
Нұрила жап-жас еді, Фазыл- ұстаз...
Жандарда сол кездегі ғажап зерде...

Сыйласып көрші отырды араласып,
Жоқ-жітік болса да елдің қабағы ашық.
Шегендік жас, Қуандық ересектеу,
Жүгіріп ойнап жүред далада асық.



*Мәшһүр-Жүсіп ұлы
Мұхаммед Пазыл.
1889-1969 ж.ж.*

Сұрасаң сөйлер Фазан қоңырлатып,
Жәйдә үн жоқ естімейсің қона жатып.
Кей-кейде өз-өзінен шешіледі,
Қопарып тарих қорын қоюлатып.

Фазанның әңгімесі- көлемі кең.
Айтылған Мәшһүр-Жүсіп өлеңімен.
Қайтқанда “Қараадырдан”, “Тотияға”
Нығанның кетпей қойды көңілінен.

Сараптап өткен күндер белестерін,
Әкеліп көз алдына елестерін.
Дәуірдің әр кезеңін талдап келед,
Еске алып қариялар кеңестерін.

“Сен бе...?” деп иен жайлампаз Қазақстан,
Батырған жез тырнағын талай мыстан.
Тарихқа таңба салмай өткен де бар,
Көп ұлтты еткендей қып бір туысқан.

Мирзоян бөліп беріп астығынан,
Құтқарды отыз бірдің аштығынан.
Қолына мал таратып кедейлердің,
Сақтады халық жауы қастығынан.

Пантелей Кондратьевич әділ басшы,
ЦК-ны қолына алып болды қатты.
Айығып тарихтағы “ақтаңдақтар”
Есіктің қамауға алған кілтін ашты.

Қапы ғап өкіністі өшпенділер,
Сұрқия санын соқты өскен бірер.
Айналып жел оңына, дауыл тынып,
Зер салды тарихына көшпенділер.

“Нан болса,- Брежнев,- ән болад”- деп,-
Ән болса, халқымызда сән болад - деп.
Жасады он сегіз жыл жақсылығын,
Дәуірге бейбітшілік тән болып тек.

Көз көрген жетпіс жылда жарығымыз,
Оңалып көбең боп ед арығымыз.
СССР бір-ақ жылда тас-талқан боп,
Жоқ - жітік келген мынау нарығымыз.

Бір ой кеп, бір ойдан соң тізбектеліп,
Жатқандай бірін-бірі іздеп келіп.
Қырылып жер өмірден келеміз ғой,
Кеткелі қашан, қайда, бізден ерік.

Мәшекең көрмесе де соның бәрін,
Не деген болжағыш жан, жазды дәлін.
“Құдайдан жақсылықты күн-түн сұра,
Береді... Талпын,- деген, - келгенше әлің”.

Үш жүзге даңқы кеткен тірісінде,
Өткерген істің ұсақ, ірісін де.
Көңліне қонса болды бере салған,
Қарамай дүниенің кірісіне.

Өзгертер Мөшекеңнің билігін кім,
Тастайтын көзіне айтып “шикілігін”.
Басына барлық мүлкін кетті жиып,
Көрсін деп мұқтаж жандар игілігін.

Төр жақта кітап-құрал мол түйінде,
Не қажет жолаушыға болды үйінде.
Мәскеуде Ленин жатса балзамдалған,
Сартап боп Мәшһүр жатты сол күйінде.

Сталин сыйынғанда алып тұлға,
Әскери қолбасшылар аруағына.
Жұмабай Шаяхметов келіп көрді,
Мәшһүрді соғыстың сол тар уағында.

Зиярат қып Қазақбаев “Ескелдіге”,
Келген ед жеңіс желі ескенінде.
Шекушин қасына еріп алып жүрді,
-“Жан екен қасиетті”- дескенінде.

Даниял Керімбаев, ақын Қалқа,
Мойындап бір Аллаға сүйеп арқа.
Құрметтеп басына кеп, сәлем берген,
Дұға қып рухына сүйікті алқа.

Мұқанов Сәбит сынды жазушы-ақын,
Талайлар келіп жатад алыс-жақын.
Әр жүрек ғибрат ап дүниеде,
Таниды мұсылмандық парыз хақын.

Мәшекең қайтқанда мен жиырма да едім,
Сөздерін әрі жаттап жиған да едім.
Партия мәселе қып көтергенде,
Аузымды біраз жылдар тиған да едім.

Ол кісі біздің елге күйеу еді,
Ақылшы, сырттай қамқор сүйеу еді,
Сүлеймен түйдей құрдас әрі жолдас
Аузынан естіген ғой біреу тегі.

Қайтқанда Ұлытаудан Мәшһүр сонда,
Жаратқан сапарларын бастап оңға,
Отырған Айдостағы біздің елге,
Кетіпті қона-жатып қайтар жолда.

Шегебай ел аузында бай атанған,
Дегенге - бітті дәулет қай атаңнан,-
Дейді екен бабаларым ниеті артық,
Сүйінші деген жанға тай атаған.

Тетелес үш қызы бар нұрын шашқан,
Сүйріктей біреуінен біреуі асқан.
Ұл болмай Кенже қызы Рәбиға,
Жасынан әкесіне бауыр басқан.

Бидай өң, қарақат көз, қиылған қас,
Қос бұрым, күміс шолпы, жиылған шаш.
Ақ маңдай, оймақ ауыз, пісте мұрын,
Аллаға құлшылық қып сиынған жас.

Өзипа ең үлкені бай қызының,
Қызы деп айтар емес қай кісінің.
Түскендей ауызынан Шегебайдың,
Жойғандай тең жартысын қайғысының.

Бәтима о да сұлу керім-кербез,
Тотыдай құлпырады нағыз дер кез.
Кісі кеп Еламаннан екеуіне,
Кеткен-ді құда түсіп, байласып сөз.

Со күннен Шегебайды қиял тербеп,
Бір үлкен ойға түсті қайғы кернеп.
Екі үйді қатар жасап жасауымен,
Мал салып алдарына енші бермек.

Жат-жұрттық үшеуі де екен бұлай,
Жүруші ед бір күптілік көңілде ұдай.
Бір мирас шаңыраққа жазбағаның,
Екен ғой сынағаның мені Құдай?

Өзгеден мал-дәулетің мол, дедің бе?
Жаңылған тәубесінен сол, дедің бе?
Тілегің төрт түлікке ауған екен,
Көрқарау Қарабайдай бол дедің бе?

Бұл қиял өте берді тарау-тарау,
Ел іші көңіл бөліп қадау-қадау.
Күнінде уәделі келген құда,
Шегебай жүргенінде жүдеу-жадау.

Қоя ма келген құда баптандырып,
Дуылдап бірін-бірі мақтандырып.
Домалап той дегенде қу бас шауып,
Жіберген қызды ұзатып, аттандырып.

Естіген ел хабарын Мәшһүр тобы,
Қамшы боп Сүлейменнің елде жоғы.
Тоқтамай “Жуантөбе”, “Айдос” келді,
Жастардың болғаннан соң үлкен шоғы.

Қыпшақбай, Байпақбайға түсті келіп,
Ертеден сыйластығы болған берік.
Қой сойып екі үйі күтті екі күн
Жүреміз дегеніне бермей ерік.

Жиылып шақырылған кәрі-жасы,
Тартылды үш табаққа қонақ асы.
Астан соң Мәшһүр сөйлеп жөнелді есіп,
Қырандай сыпырылған томағасы.

- Жамиғат, құлағың сал бұл не демей,
Өткен ғой нелер бұлбұл айыр көмей.
Ер құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешіп,
Айтқан жоқ ешкім билік Едігедей.

Қыстауы Едігенің жақсы Далба,
Киіз үй түндігі жоқ жанға, малға.
Отырған Қарағайлы бұлақ пенен,
“Қараүңгір”, “Қарақабак”, “Мұрынталға”.

Аттанып бірсыпыра кісіменен,
Келіпті Тоғас биге ісіменен.
Ымғуыт-шымғуыт боп, азан-қазан,
Ел ішін, малдың шуын түсінбеген.

Шошынып сұрағанда мұның жайын,
Тоғас би қылған екен мұнды уайым.
“Айтайын, қиыншылық бір іс боп тұр”,
Алланың әміріне не қылайын.

Қаһарлы Жәңгір ханның жалғыз ұлы,
Жайрады жардан құлап жалбыз гүлі.
Дауыс қып шулап зарлап қала берді,
Тап болып қатал тағдыр жазған күні.

Ашумен зарласын деп қылды жарлық,
Бөлгізіп төрт түліктің төлін барлық.
Өзеннің қойды екі жағасына,
Айырып енесінен жасап тарлық.

Сегіз күн болды мал-жан шулағалы,
Үлкендер айла таппай тулағалы.
Хан басын көтермейді, жатып алды,
Тұрмайды ешкім сөзін тыңдағалы.

Осындай боп тұрғаны ауыр жағдай,
Сан бардық жұбатуға ауыл қалмай.
Отырмыз аңтарылып ақыл таусып,
Айтуға артық-кемін ауыз бармай.

Едіге ыңыранды ойға түсіп,
Тереңнен үлгі тартты бойға пішіп.
Жаңылған тәубасынан жан деп ұқты,
Қайғының қаһарлы уын қойған ішіп.

- Кім өзі, Құдайға құл, мұсылман ба?
Жан бар ма “Алла” демес қысылғанда?

- Көрейін бір сөйлесіп мені апаршы,
Жете ме, Құдайға қол ұсынғанда?

Тоғас би хан сарайға келді бастап,
Хан жатыр, жер бауырлап жастық жастап.
Есіктен сәлем беріп Едіге би,
Жүгініп сөйлеп кетті ханға қақсап.

- Ақсұңқар аялаған ұшты ұядан,
Қол жетпес, ұстатпайды ол қиядан.
Өткенге өкінгенмен өтеуі жоқ,
Қайғыға қимайтынын қияды адам.

Тұлпар жоқ, кетілмеген тас тұяғы,
Сұңқар жоқ, сетілмеген жас қияғы.
Пайымдап дүниені түсінген жан,
Сабыр қып парасатпен жас тияды.

Ақсұңқар әуелеген аспанға ұшты,
Үзіліп алтын қоңырау жерге түсті.
Шараң жоқ, мойның жуан, көтересің,
Құдайдың бір жабдығы саған түсті!

Малдан маза, халықтан ұйқы қашты,
Тобаңа кел, аспа Хан, тыйып жасты.
Әмірі, күшті Құдай алған оны,
Қайрат қыл, Қателеспе көтер басты.

Сөзден дүр төгілген соң десте-десте,
Хан келді бас көтеріп ақыл-еске.
- Арғында көз таңбалы бір жас бала
Бар деуші ед, сол Едіге сен емес пе?

Шырағым, жан екенсің Кәусар лепті,
- Жаралған қасиетті ата-текті.
Құр жан бар, жатыр едім ақыл-ессіз,
Тірілтіп бір жолата кетші?- депті.

Фәни ғой бәрі дағы өң мен түстей,
Тіршілік мойындатар көнген істей.
Ұрпаққа қалған аңыз, ғибрат сөз,
Қоймайды бірден-бірге еске түспей.

Бір туған ағалы-іні Есен, Бозым.
Жазмыштан жасамаған ешкім озым.
Ұл тумай, Есенінде жеті қыз боп,
Ер тұқым жоқтығына еткен төзім.

Күнінде шығатындай жетіп ерге,
Беріпті жеті қызын жеті жерге.
Бір-бір ұл әрқайсынан бала қып ап,
Таралып “жеті Есен” ат кетіпті елге.

Мұхаммед Пайғамбар да-“ұрпағым” деп
Соллолла ғалайһи уссалам тек.
Айтпапты Хасен менен Хұсайынды,
Елжіреп тұрғандықтан мейірімі кеп.

Ұл мен қыз дін исләмда тең өскенін,
Ести сап сахабалар кеңескенін.
“Қашан да қызды балам демегендер
Үммәтім- деген екен - емес менің”.

Жалғанып көп әңгіме әрман қарай,
Қысқа таң сібірленді алтын арай.
Қанғанша құлақ құрыш отырғандар,
Бастады енді-енді жаңа тарай.

Ертеңгі шөйін ішті жолаушылар,
Жиылып Мәшекенді қолдаушылар.
Жатқанда аттанғалы бір бала кеп,
Шақырды, алдын-ала болжау шығар.

Бермекші-ед өзі сәлем Шегебайға,
Шақырды дегеннен соң бұл не жайға.
Білуге келіп еді жігіттермен,
Айтса да аялдамас ет пен шайға.

Етжеңді, қараторы бәйбішесі,
Төгілген мінезіне сай мүшесі.
Жасатып дастарқанды қымыз құйды.
Байқақтап қайсы екенін әйгілісі.

Еліктей Рәбиға құрақ ұшып,
Алғандай өне бойын жалын құшып,
Денесін дір-дір еткен сезінеді,
Болса да неше жерден қунақ, пысық.

Білмейді не болғанын өзіне-өзі,
Қанжар боп қадалғандай жұрттың көзі.
Әкеліп қымыз аяқ бергенінде,
Қылғандай құлақ қағыс елдің сөзі.

Жымындап Әбдіразақ күлімдейді,
Мәшһүрден басқа жанға білінбейді.
Үшеуі сәл оңаша қалған сәтте,
“Өңгіме айт, Рәбиға, күнім”-дейді.

Қипақтап Рәбиға ұялады,
Әйтпесе, о да қымыз құя алады,
Келгенсіп шешесіне көрініс беред,
Түлкідей таудан қашқан қиядағы.

Ас-суды бір кісідей жия алады,
Тап қазір үйге қалай сия алады.
Бір құлап көңіл шіркін кеткеннен соң,
Жүректі қандай адам тия алады.

Белгілі болмаған соң тиянағы,
Жастықтың мазалайды миуа бағы,
Ғажайып сыры терең бір түс көрген,
Ақ үрпек балапанды ұядағы.

Бір қырғи, үш қаршыға балапаны,
Мөшһүрдің аялаған алақаны,
Алды да етегіне салып берген,
Көп бер деп бұлар үшін садақаны.

Бұл түсті естігенде Тоқтыбала,
Атқандай кеудесіне оқты жаңа.
Секем ап селт етпестен қалған қатып,
Тап мұндай арасында жоқты нала.

Мөшһүрдің жауап хатын жойған, бермей,
Барайық деген жерге қойған ермей.
Бір қыжыл ішті удай ашытады,
Басқадай ешбір айла қолдан келмей.

Ерке қыз сұр киіктің лағындай,
Шашбауы сылдырап тау бұлағындай,
Мөшһүрге көрінеді бір балауса,
Қамысты терең көлдің құрағындай.

Аумайды Бағиладан түс-кейібі,
Кім білсін, байқалмайды іштей міні.
Шешесі өлденеге араласса,
Шығарған “Мен өзім-ақ істейімді”.

Аттану жайында сөз басталғанда,
Шегебай бата қылды дастарханға,
- Шырағым, Мөшһүр молла, аманатым-
Өзіңе сөз аяғын тастағанда.

Жүктемей мұсылманның еш қарызын.
Алланың атқарсам деп бес парызын.
Хажыға барсам деген ойым боп тұр.
Не дейсің, сол жайында- басты арызым.

- Шеге аға, құтты болсын, кейін “тәмәм”
Хажыға бара алмайды, кедей адам.
Берейін түсінікті кеңшілікте
Әзірше ат үстінде не дей алам.

Сөз қысқа, жүріс нұсқа, кете барды,
Жағдай жоқ аялдауға уақыт тар-ды.
Көпекең бір ай бопты ауру деген,
Суық сөз ел ішінде құлақ жарды.

Салт атты жүріп кетті ұмар-жұмар,
Әншейін бір жаңылыс хабар шығар.
Бойымен “Ұзынағаш”, “Көшет” түсіп,
Жолықты Сабынды көл, балықшылар.

Николай Сороченко үйі қатар,
Мешіттің дәл түбінде Фатих татар.
“Сен әйел алмаған соң қорқытқан ғой
Құлығы Көпекеңнің жатып атар”-

Деп күлді, артық әзіл ерсі болар,
Амандық, сырқаты бар...- десті олар.
Біраз күн болу керек ем алғалы,
Көріп жүр келіп-кетіп фельдшер Омар.

Сол бетте шашырамай түсті келіп,
Төсекте Көпекенә сәлем беріп.
Шәй ішіп көңіл тынып әй-жәй болды,
Билеуші нені болсын, Құдайда ерік.

Жігіттер екі ай жүріп келді аман,
Бәрі де әр салада, бір-бір маман.
Ел жәйін, жер тарихын, салт-дәстүрді,
Жинақтап басты ілгері жарты қадам.

Жігіттер екі ай жүріп келді аман,
Бәрі де әр салада белді маман.
Жігіттік әсерімен салды сайран,
Көрген жоқ көңіл қалар жерді жаман.

Әкелді кітап жиып екі қоржын,
Арабша, татар, түркі ескі қордың.
Славян тілінде де кітаптар бар,
Жоймаған әлі күнге баспа формын.

Теңделген ала қоржын кітап, қағаз,
- Жинаған тентек шоқпар нағыз сабаз.
- Үйінде орын да жоқ қоятұғын,
- Егерде әкелейік десе тағы аз.

Исабек, Әбдіразақ мысқылдайды,
Олардың сөзін Мәшһүр пысқырмайды.
Жіберген еркінсітіп әдейі өзі,
Мәшһүрсіз ешқайсы да іс қылмайды.

Қаракөк қамыс құлақ, сүмбі серек,
Құлан жал, күміс құйрық сұлу бөлек.
Келгендер Көкмойынды тамашалап,
Қызыққан тұрпатына жылқыда ерек.

Айтбақы, Жанбақының немересі,
Қозып ап екеуінің делебесі.
Екі ат ал, қайсымызға берсең дағы
Саудада солай жүйрік ережесі.

Деп сондай әркім сұрайды ептеп біліп,
Тигізбей қолдан қолға кетпек іліп.
Бұйырған бір қимас жан алар қағып,
Деп Мәшһүр әзіл айтып қояд күліп.

Боқырау Жәрмеңкеге болар күздік,
Тер алған жүйрік аттар жарты жүздік.
Қалдырып тұсаулы аттай өзгелерін,
Оқ бойы бәрінен де келген үздік.

Тігіліп жәрмеңкенің туы ерте,
Баянның зәмзәм бұлақ суы ерке.
Жер-көктің саудагерін тартты өзіне,
Орынбор, Омбы, Семей, Жәркент, Мерке.

Ат шапты Қарасордан Айдарлы асып,
Көкмойын шыға салған араны ашып.
Жирені Биеке бай құстай ұшты,
Тұсында Жағалбайлы қатарласып,

Үш өткел, екі қайқаң, атпал қашық,
Талай ат артта қалды қара басып.
Басы озып Көкмойынның қарақшыдан,
Қыл жирен бірдей өтті қапталдасып.

Жұрт шулап, жетті әңгіме жарты жылға,
Әншілер даусы кеткен алты қырға.
Мәшһүрдің өлеңдерін әнге қосып,
Халықты қарық қылды талай сырға.

“Қыз көріп, Мәшһүр елді аралапты,
Атығай-Қарауылдан қалап апты.
Күйеуге ат мінгізіп тең-тең сыйлық
Толтырып жіберіпті ала қапты”.

Деп өсек, гу-гу еткен, көп қауесет,
Жабатын ел ауызын жоқ қой кесек.
Жатақтың кеудесіне жел біткені,
Көпейдің аурулығы содан десед.

Ағаш үй медресе келген талай,
Үстінде тас қырқаның көлге қарай.
Сәл төмен христиан шіркеуі тұр,
Сары алтын күмбездері, қызыл сарай.

Береді Мәшһүр дәріс балаларға,
Ой өсіп, артып талап барады алға.
Шығысты батыспенен салғастырып,
Тоқтайды ғылымы асқан қалаларға.

Екі дін, екі өмір, екі тарап,
Кейбір сәт жуықтасса құдай қалап.
Беріспей қасарысқан тастай қатып,
Кей сәтте түс шайысып қарсы қарап.

Өмірі бір Алланың бөрі-дағы
Мандайға жақсы-жаман дарымағы.
Пенденің кесірі мен тәубасында,
Қолдауы өулиелер аруағы.

Әкім де, Хакім де айтқан мін, ақыл нық,
Десе де бәрежелді ұнап ұқтық.
Құландай жайылым бір, жусау бөлек,
Жер үстін жайлап барад мұнафықтық*.

Күнұзын медресе тәліптерін,
Ғылымхал, мұхтасарға таңып денін.
Үйреткен қазан, түркі баспасы мен
Парсының әдеби тіл әріптерін.

Түн аумай шілтерлі шам сөнген емес,
“Шаршадың, жат!” - дегенге көнген емес.
Қадалып алба -дүлба кітаптарға,
Сөйлесіп өз-өзінен қылған кеңес.

Екшелген жүріс-тұрыс күзден бері,
Тексерген, естіп-білген, тізгіндері.
Оралса көңіліне қиял көші,
Жылы леп Наурыздың үзген желі.

Көпекен бір сөзінде: “Шегебай”- деп,
Оқтанып қала берді айтқысы кеп,
Биылғы “боқырауда” келгенінде
Көңілін сұрап кеткен әдейілеп.

Қар кетіп, ағады су сай-салаға,
Өткен күн тірі адамға байқала ма?
Ұмытып бүгін көрсе ертең тағы,
Дейтуғын ұқсатайын қай балаға.

Есіктің шықса алдына Ұлбалаға,
Табиғат көрсетуге қызғана ма?
Бұлдырап келе жатқан көзі түсті,
Тайпалған жорға мінген қыз балаға.

Иба қып аттан түсіп амандасты,
Ұлбала мұнысы кім деп жаман састы.
Жып-жылы ниетпенен жақын тұрған
Көрмеп ед бұл ортада мұндай жасты.

Нұрлы жүз, ай маңдайлы, қалам қасты,
Лебімен балқытқандай қара тасты.
“Қызымын Шегебайдың” дегеннен соң,
Рұқсат беріп, үйге қадам басты.

Көпекен отыр еді төсегінде,
Ешкімнің тыңдамайтын өсегін де.
Айтам деп айтпай қалса сөзін, міне,
Алдына айдап келді неше күнде.

- Әкеңе сәлемім бар айтар менің
Жолына барып қайтсын сау қып денін.
Жас келді, ауру меңдеп бара жатыр,
Көңлімнің тауып беріп кетсін емін.

Жүсіп, әй, бері шықшы, қызым кеп тұр,
Ойлама менің сөзім ызың деп құр.
Орындап бер Шегеңнің аманатын,
Құйылды шаңыраққа бір қызыл нұр.

Абыржып қалды Мәшһүр көріп тосын,
Жарайд деп амандасты, көніп сосын.
Ішінде алай-түлей бір сезім бар,
Көтерген ойда-жоқта көңіл қошын.

Бетпе-бет көріскенмен тілдесе алмай,
Бірінің бірі сырын білісе алмай.
Арада келе жатқан бір жұмбақты,
Бірігіп екеу ара жүр шеше алмай.

Байланып Мәшһүр тілі қалар сол сәт,
Ақ алмас шыңнан тартып алар жол сап.
Ағалы-қарындастай көрінеді,
Сырт көзбен дейді халық қарар болсақ.

Түйеден үркіп торы тізгін үзіп,
Жас ару қала берді көзін сүзіп.
Бұл жәйді Мәшһүр-Жүсіп бірақ білді,
Болғанда аманатты хатқа тізіп.

Қыз жылап теріс қарап жасын төкті,
Жасаған Мәшһүр Жүсіп қара кепті.
Мінгізіп қыз қолына қоя берді,
Байлауда тұрған теңбіл қаракөкті.

Жылама, Рәбиғаш, жақсылық той...
Бойыңа жоламасын жамандық ой.
Көкмойын құдай алдында сұраусыз,
Төржорғаң үйге барад қорықпай-ақ қой.

Туралап Найзақара, Сарыбелді,
Қарық қып әңгімеге қалың елді.
Оранып от-жалынға жас жүрегі,
Сол күні Рәбиға үйге келді.

Сәлемін айтты солай Көпекеннің,
Арманы алдындағы көп екенін.
Әкесі қыз ниетін қалды байқап,
Бұл сөздің ұзақ емес төте екенін.

Шегебай жиып елдің үлкендерін,
Хажыға тілектес боп жүргендерін.
Мәшһүрдің хатыменен таныстырды,
Жиналып жол сапарға үлгергенін.

Рәбиға шешесіндей қандай епті.
Біртүрлі ашық-жарқын жайнап кетті.
Саулатып қиыстырып жөнелді оқып,
Бұл хатта Мәшһүр молда былай депті:

- Шеге аға, қабыл болсын ниетіңіз,
Көңілге сөзіңізді түйетінбіз.
Ғұмырын пайғамбардың насихаттап,
Хақ жолды мұсылмандық сүйетінсіз.

Хажылық бес парыздың беделдісі,
Тахуа қаражаты жетер кісі.
Бір рет ғұмырында мұсылманның,
Меккеге сапар шегу ежелгі ісі.

Ауыр жол, азабы зор, михнатты,
Сыры көп жанға сая хикматты.
Дәм жазып аман-есен оралғандар,
Көргендер құдіреттің сыйын нақты.

Болмайды жол кесуге пәлен-түген.
Киілер ғаріпшілік басқа жүген.
Тағдырды мойындаған бұрынғылар,
Арқалап ақыретін ала жүрген.

Дәм тартса жолыменен мұсылмандық,
Алады ізгу дәрет ғұсылданып.
Ниет қып бір аллаға тілек тілер,
Мойынын, белгі беріп, ұсынғандық.

Ат басын тірер әуел Мәдинаға,
Болады барған жанның бәрі ибада.
Мұхаммед саллалланың рухына,
Дұға арнап бағыштатар бас имамға.

Меккеге сонсоң барар тхрарлы,
Жалаңаш оранып ақ ихрамды.
Әлмәсжид әлхарамды мінажат қып,
Қағбаны жеті айналар - үміт шамы.

Іштегі құшып-сүйіп қара тасты,
Тауаппен фида қылып қара басты.
Зәм-зәмнан қасиетті қанып ішіп,
Жалғанды опасы жоқ қаламасты.

Жүгіріп арасында шыдап сақи.
Сафа мен Мәруаға қылар сағи.
Шайтанға Арафада тас лақтырып,
Минада құрмалдығын берер бақи.

Лөкітіп садақаны сауап табар,
Кем-кетік, ғаріп- ғасір мейірі қанар.
Қажылық осы тағат-ғибадатта,
Құрбан айт мейрамымен аяқталар.

Алланың мырзалығы берен де ерен,
Күнәсін хажылардың кешіп терең.
Рухын ұжымақта сайрандатып,
Пейіште төрден орын берем деген.

Шеге аға, бұл ойыңыз болсын құтты!
Алланың құдіретін білімді ұқты.
Бір-ақ жер қашан болсын баратұғын,
Десек те кім ұтылды, кімдер ұтты.

Оң болсын қай күнде де сапарыңыз.
Сәлемін Сарыарқаның апарыңыз.
Шегебай хажы деген атақ байлап,
Мақтанып жүрсін құрбы-қатарыңыз.

Бақыт қой хажылықтың жақсы атағы.
Сау келсе, үлкен сауап мол шапағы.
Суырылып өңшең көсем кетіп барад,
Жаныңа ең қиыны сол батады.

Түнжырап отыр еді төмен қарап,
Кеткендей бірте-бірте тұман тарап.
Қозғалып бір күрсініп алды-дағы,
Сөз айтты бір-екі ауыз қадап-қадап.

- Ие жоқ шаңыраққа сол-ақ өтед,
Құдайдың бес парызын кетсем өтеп.
Туды өлді, бермеген жоқ, өлді қалды,
Байлығым ақыреттік болса жетед.

Қоштасты арыздасып ағайынмен,
- Сендерге енді қайдан табайын тең?
- Құдайға тапсыр!- деді бір құрдасы-
Малыңды сен келгенше бағайын мен.

Көпейге хабар салды келсін деген,
Жолыма ақ тілегін берсін деген.
Көңілін тапқаным сол- хұп алғаным,
Соңынан екі бала ерсін деген.



*Мəшһүр-Жүсіп ұлы
Мұхаммед Әмен.
1887-1921 ж.ж.*

Сендер көр бар қызығын балалардың,
Қызықтап қызымды алып бара алмадым.
Менсіз той өткізе бер туған-туыс,
Меккеде тағдыр тапсам, бар арманым.

Құрмалдық шалып жұма, сенбі күнге
Таратты садақасын күллі елге.
Мəшһүр мен Рəбиға қол ұстасып,
Келді үйге шығарып сап күндік жерге.

Айрылды ел жылап-сықтап құшақтасып,
Молдалар бата берді кітап ашып.
Баурынан Баян таудың ұзай берді.
Жол тартып Меккешілер аллаласып.

Үш ата, Жаманаула қозған елі,
Хажылық сапарды ерте қозғап еді.
Басшы боп Мұхаммеджан апарам деп,
Қожалар әр себеппен созған еді.

Есназар-Бұқа, Шолақ Байқошқар бай,
Еместі сыйластығы жәй достардай.
Жолдас боп ақыреттік бел байласқан,
Қорғауға бірін-бірі жәй-бос қалмай.

Бейсенбі, жұма беріп құрмалдықты,
Дәулетті екеуі де тұрған мықты.
“Қамбар” мен “Сарқамысқа” ел жинады.
Кешу ап, қоштасуды ұран қыпты.

Байқошқар аттанарда елге қарап,
“Барамын бұл сапарды жаным қалап.
Меккеден бұйырт құдай топырақты,
Жол берме деп жылады қайтар тарап.

Бұканың күркіреген даусы басып,
Пікірін айтты елге басын ашып.
Қоштасып осы арада қал, ағайын,
Енді артқа қаратпандар қырдан асып.



*Мәшһүр-Жүсіп ұлы
Мұхаммед Шәрәпи.
1885-1936 ж.ж.*

Қаржаста Иса, Сәтбай, Алтыбасар,
Зерделі ерек жандар қайрат жасар.
Сапталып олар дағы шықты жолға,
Қам жасап, қарекет қып алға басар.

Алды ұзап, арты ілесіп, бірім-бірім,
“Келерсің нәсіп болса, қалған тірің”.
Деп шулап Мұхаммеджан түгендейді,
Байқастап әрқайсының ірең-түрін.

Аяғы бұл сапардың болды әйдік,
Мандайы жақсылардың кетті тайқып.
Ел жоқтап, сұрау салған жыл уағында,
Сол қожа Мұхаммеджан келді қайтып.

Қүдірет қуаныштан Шарбат сыймен,
Күн жетті Мәшһүр-Жүсіп перзент сүйген.
Еріні тимесе де келді өмірге,
Көпейдің немересі Шәрәпиден.

Бірінші дәйек

Алланың көр, мінекей, шеберлігін,
Сексен жыл өтті десек сенер ме едің?
Әкесі достың, деген, баласы дос,
Бас қосып отау құрған шөберенің.

Сыиынған екі жағы бір құдайға,
Түсініп қолдан беріп түгел жайға.
Исабек шөбересі Ғанамиді,
Мәшһүрдің немересі Төлеубайға.

Отасқан қырық үш жылы болды сәтті,
“Ақжайқау”, “Төкең” деумен өтті тәтті.
Меруерт, Абай, Бейсен, Даниялдай,
Өмірден ұрпақтары бақыт тапты.

Тарайды бұлар Зейнеп-Шәрәпиден,
Атасы-ақын, анасы-әнші үйден.
Зарауха, Сүйіндік пен жастай қалды,
Өткенде әкелері дүниеден.

Ержетті Сүйіндіктің Жастілегі,
Үйленіп отау тікті-бас тірегі.
Аталып Мәшһүр аты ел аузында,
Жібіді замананың тас жүрегі.

МАЗМУНЫ

СЫЙЫНУ	3
Сыйыну	5
Арнау	6
Бастау	7
Замана	8
СӘЛЕМ СӨЗ	15
Сәлем сөз	17
ҚОЗҒАЛЫС	21
Қозғалыс	23
ТОЛҚЫН	35
Толқын	37
Абыз* би	50
БҰХАРАЙ ШӘРІП	69
Бұхарай шәріп	71
ҚАСІРЕТ	87
Қасірет	89
Зардап	103
Мәшһүр молла	113
САРЫАРҚА	125
Сарыарқа	127
ОҢ ТОЛҒАУ	145
Оң толғау	147
Бірінші дәйек	177

**Бұл кітап “Қ.И. Сәтбаев атындағы тарихи-
жағырапиялық қоғамының” қоғамдық қорының
демеуімен шығып отыр.**

**Зекебай Солтанбайұлы.
Мәшһүр**

Редакторы Қажымұрат Смағұл
Көркемдеуші редакторы Айтжан Бәделхан
Корректорлары: Күләш Темірболатова,
Жұмаш Жұмаділ.
Суретші Ақертіс Солтанбаев

“ЭКО” ҒӨФ-ке теруге 6.08.2001 ж. берілді.

25.08.2001 ж. басуға қол қойылды.

Көлемі 60x84 $\frac{1}{16}$. Қаріп түрі Times Kazakh.

Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 11,25

Есептік баспа табағы 5,3.

Таралымы 1000 дана.

Қазақстан Республикасы
637000, Павлодар қаласы,
29 Ноябрь көшесі, 2
Тел. (3182) 32 16 08



Зекебай Солтанбайұлы

Зекебай Солтанбайұлы
1931 жылы 15 наурыз күні
Баянауыл ауданының №2
ауылы Басшілік ата-
мекенінде туған.

Қазақ тілі мен әдебиет
пәнінің жоғары білімді
мұғалімі. СССР және Қазақ
ССР оқу ағарту ісінің үздік
қызметкері. Ы.Алтынсарин
медалінің иегері. 43 жыл
ұстаздық қызметінің
34 жылында Егіндібұлақ
орта мектебінің директоры
болды. Облыстық көлемде
қалам таңбасы бар тілші.